

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2020 жылғы «23» қазан
№ 707 қаулысымен
бекітілген

**«Қазақ ұлттық аграрлық университеті»
коммерциялық емес акционерлік қоғамының
2020 – 2024 жылдарға арналған
даму бағдарламасы**

Мазмұны

1.	Бағдарламаның паспорты.....	3
2.	Кіріспе	5
3.	Ағымдағы жағдайы мен ұзақ мерзімді мақсаттарды ескере отырып ҚазҰАУ дамуының перспективалары	6
3.1.	Ағымдағы жағдайды талдау	6
3.2.	Зерттеу университеттері – жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді дамытудың әлемдік тренді	12
3.3.	Аграрлық білімнің, ғылымның және өндірістің дамуын SWOT-талдау ..	16
4.	Бағдарламаның талдамалық және болжамдық негіздемесінің блогы... 20	20
4.1.	ҚазҰАУ қызметтің жай-күйін, негізгі проблемалары мен олардың себептерін талдау	20
4.2.	Ұжымның инновациялық әлеуетін бағалау	31
4.3.	Еңбек нарығының өзгеру үрдістерін және кадрларға қажеттілікті болжау ..	35
5.	Бағдарламаның пайымы.....	39
6.	Бағдарламаның миссиясы	41
7.	Бағдарламаның стратегиялық блогы	42
7.1.	Қазақстанның жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесіндегі ҚазҰАУ-дың орны мен рөлі	42
7.2.	Академиялық саясат	45
7.3.	Инновациялық әлеуетті дамыту және оған қол жеткізу	46
7.4.	Ғылыми-техникалық әзірлемелерді коммерцияландыру	50
8.	Бағдарламаның қойылған мақсатына қол жеткізу жолдары.....	52
9.	Бағдарламаны іске асырудан күтілетін нәтижелер	55
10.	Бағдарламаны іске асырудың нысаналы индикаторлары мен көрсеткіштері ..	66

1. Бағдарламаның паспорты

Бағдарламаның «Қазақ ұлттық аграрлық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының (бұдан әрі – ҚазҰАУ) 2020 – 2024 жылдарға арналған даму бағдарламасы

Әзірлеу үшін
негіздеме

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 12 шілдедегі № 423 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының агроенеркесіптік кешенін дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.

2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020–2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.

3. «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 9 ақпандағы Заңы.

4. «Ғылым туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 18 ақпандағы Заңы.

5. «Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 31 қазандағы Заңы.

6. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңы.

7. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2016 жылғы 30 желтоқсандағы № 541 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің 2017–2021 жылдарға арналған стратегиялық жоспары.

8. «Ұлттық аграрлық ғылыми-білім беру орталығы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының (бұдан әрі – «ҰАҒБО» КеАК) директорлар кеңесінің 2019 жылғы 26 сәуірдегі шешімімен (№ 6 хаттама) бекітілген «ҰАҒБО» КеАК 2019 – 2023 жылдарға арналған даму стратегиясы.

9. Ғылыми кеңестің 2019 жылғы 18 қаңтардағы № 6 хаттамасымен бекітілген ҚазҰАУ-дың даму стратегиясы.

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі

Ұлттық зерттеу университеті мәртебесін алу

Университеттің ғылыми-зерттеу және инновациялық қызметін дамыту;

аграрлық білім, ғылым мен өндірістің интеграциясын дамыту; білім беру сапасын арттыру;

университеттің оқу-ғылыми-зерттеу инфрақұрылымын дамыту;

ЖОО-ны цифрандай: ішкі процестерді трансформациялаудан бастап АӨК салаларын дамытуға дейін;

Бағдарламаны
әзірлеуші

Мақсаты

Бағдарламалық
мақсаттары

<p>Міндеттер</p> <p>Бағдарламаны іске асыру мерзімдері мен кезеңдері Қаржыландыру көздері:</p>	<p>білім алушыларды тәрбиелеуде студентке бағдарланған тәсілді жүзеге асыру;</p> <p>ЖОО-да корпоративтік басқаруды дамыту.</p> <p>Әлемдік деңгейге сәйкес ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды жүргізу;</p> <p>инновациялық инфрақұрылымды құру және дамыту;</p> <p>Болон процесінің қағидаттарын іске асыруды қамтамасыз ету;</p> <p>ұлттық және халықаралық аккредиттеу агенттіктерінде аккредиттеген білім беру бағдарламаларының пакетін кеңейту;</p> <p>университеттің білім беру қызметін жетілдіру;</p> <p>жұмысқа орналастыру бағдарламасын дамыту;</p> <p>материалдық-техникалық базаны дамыту;</p> <p>ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымды дамыту;</p> <p>тәрбие жұмысының жүйесі мен тиімділігін жетілдіру,</p> <p>студенттік өзін-өзі басқаруды дамыту;</p> <p>жастардың азаматтық белсенділігі мен құқықтық мәдениетін арттыру;</p> <p>жан-жақты дамыған тұлға мен салауатты өмір салтын қалыптастыру;</p> <p>корпоративтік басқарудың ашық жүйесін құру.</p> <p>Бағдарламаны іске асыру мерзімі – 2020 – 2024 жылдар, оның ішінде:</p> <ul style="list-style-type: none"> 1) 2020 – 2021 жылдар – дайындық кезеңі. 2) 2022 – 2024 жылдар – қалыптасу кезеңі. <p>Ағымдағы іс-шараларды қаржыландырудың негізгі көздері ҚазҰАУ-дың 8 156 349,17 млн теңге көлеміндегі өз қаражаты болып табылады¹. Күрделі шығындарды қаржыландыру көлемі мен көздері жоба алдындағы және жобалық құжаттаманың қалыптасуына қарай анықталады.</p>
--	--

¹ Қаржыландыру мөлшері мемлекеттік органдардың бюджеттік бағдарламалары шеңберінде қаржат бөлуіне және ҚазҰАУ-дың бюджеттік мүмкіндіктеріне байланысты жылдар бойынша нақтылануы мүмкін.

2. Кіріспе

2012 жылғы 14 желтоқсандағы «Қазақстан-2050» – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» стратегиясында білім мен кәсіби дағдылар – бұл заманауи білім беру жүйесінің, кадрларды даярлау мен қайта даярлаудың негізгі бағдарлары екені атап етілді.

Осыған сәйкес Қазақстанның әлемнің ең дамыған 30 мемлекетінің қатарына кіруі жөніндегі тұжырымдама әлемдік деңгейдегі білім беру және ғылыми-зерттеу институттарын құруды көздейді. Жоғары оқу орындары білім беру функцияларымен ғана шектеліп қоймай, іргелі, қолданбалы және ғылыми-зерттеу бөлімшелерін құрып, дамытуы тиіс.

Қазақстан Республикасының жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді дамыту саласындағы мемлекеттік саясаты экономиканың инновациялық даму талаптарына, қоғамның және әрбір азаматтың қазіргі заманғы қажеттіліктеріне сәйкес келетін сапалы білімге қолжетімділікті арттыруға бағытталған.

2010 жылдан бері шетелдік тәжірибе мен халықаралық жобалық басқару стандарттары негізінде ЖОО республиканың жоғары оқу орындарының арасында алғашқылардың бірі болып ұлттық зерттеу университетіне айналу бойынша мақсатты жұмыс жүргізуде.

Трансформацияның басты өлшемшарттары: білім, ғылым және өндірістің интеграциясы; зияткерлік меншік өнімдері мен технологияларды коммерцияландыру үшін жағдай жасау; елдің аграрлық еңбек нарығы үшін жоғары білікті мамандар даярлау болып белгіленді.

ЖОО дамуының негізгі басымдықтары анықталды:

- 1) материалдық емес активтердің қарқынды дамуы;
- 2) аграрлық ғылыми-өндірістік консорциумға белсенді ықпалдасу;
- 3) халықаралық ғылыми-білім беру кеңістігіне серпінмен кіру;
- 4) білім беру және ғылыми инфрақұрылымды дамыту;
- 5) білім алушылардың уәжді контингентін қалыптастыру.

Бұл басымдықтарды іске асыру Қазақстанның агроөнеркәсіптік кешенін қажетті мамандармен қамтамасыз етуге, олардың білім деңгейін, құзыretін, дағдысын, іскерлігін және біліктілігін арттыруға, ғылым мен оқу-ғылыми-өндірістік базаны дамытуға, жаңа білім беру бағдарламаларын, ғылыми жобаларды, агробизнес-құрылымдарының сұранысына ие жаңа инновациялық орталықтар мен зертханаларды қолда бар әлеуетті ресурстар негізінде ашуға бағытталған.

Трансформация басталғаннан бері университет қызметі табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану; шикізат пен өнім өндеу; энергетика және машина жасау; өмір туралы ғылым; елдің зияткерлік әлеуеті секілді негізгі басымдықтарға қол жеткізуге жұмылдырылған Қазақстан Республикасын индустріялық-инновациялық дамытудың мемлекеттік бағдарламасын, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің «Агробизнес-2020» бағдарламасын, Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын, салалық бағдарламаларды,

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің бағдарламаларын іске асыруға бағытталды.

Осы жылдар ішінде университет АӨК-дегі ғылым, білім және өндіріс интеграциясының танымал өзегіне айналды. Көрнекті ғалымдар мен тәлімгерлердің бірнеше ұрпақтары негізін салған үздік дәстүрлерді сақтай отырып, университет заманауи инновациялық типтегі жоғары оқу орны ретінде қарқынды дамып келеді.

ҚазҰАУ әлемдік ғылыми-білім беру қоғамдастығына интеграциялануда және қазақстандық жоғары білім берудің танымал қөшбасшысы, іргелі және қолданбалы зерттеулер саласында инновациялық қызметті табысты дамытушы ірі және беделді ғылыми орталық болып табылады.

3. Ағымдағы жағдайы мен ұзақ мерзімді мақсаттарды ескере отырып ҚазҰАУ дамуының перспективалары

3.1. Ағымдағы жағдайды талдау

Дамыған елдердің бәсекеге қабілеттілігі ұлт білімділігінің жоғары деңгейімен және қоғам инновациялығының жоғары әлеуетімен айқындалатынын әлемдік тәжірибе куәландырады.

Елдердің жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексінде (ЖБКИ) мұндан мемлекеттер білім деңгейі мен инновациялық даму деңгейі бойынша жоғары рейтингтерге ие.

2019 жылғы зерттеу қорытындысы бойынша әлемнің 63 елінің арасында бәсекеге қабілеттілік рейтингінде Қазақстан 34-орын алды (2018 жылы 38-орын).

Бұл ретте білім беру деңгейінің индексі бойынша еліміз 2018 жылы United Nations Development Programme рейтингінде: Education Index 40-орында, ал Корнель университеті, INSEAD бизнес мектебі және Дүниежүзілік зияткерлік меншік ұйымы (ДЗМҰ) жариялаған 2019 жылғы «Жаһандық инновациялық индекс» баяндамасына сәйкес Қазақстан әлемнің инновациялық елдерінің рейтингінде 79-орынды иеленді.

Қазақстанда зерттеу университеттері идеясының негізі алғаш рет 2010 жылғы 7 желтоқсанда қабылданған Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011 – 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында қаланған.

Бағдарламаның мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізудің нысаналы индикаторы ретінде республиканың ЖОО-ларын іске асыратын білім беру бағдарламаларына және жүзеге асырылатын ғылыми-зерттеу қызметінің көлеміне байланысты ұлттық зерттеу университеттері, ұлттық жоғары оқу орындары, зерттеу университеттері, университеттер, академиялар мен институттар етіп сыйыптау жүйесін орнату жоспарланған.

«Ғылым туралы» 2011 жылғы 18 ақпандағы Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабында зерттеу университетінің анықтамасы мен негізгі міндеттері берілген. Атап айтқанда, зерттеу университеті деп Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен университетті дамыту бағдарламасын іске асыратын, сондай-ақ іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулер мен өзге де ғылыми-техникалық,

тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды ұйымдастыру мен жүргізуге қатысатын жоғары оқу орны түсіндірледі.

Білім туралы заңда (2011 жылғы 24 қазандағы өзгерістерімен) ұлттық зерттеу университеті – бұл ерекше мәртебесі бар және Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен бес жылға арналған даму бағдарламасы бар, мамандықтардың үш және одан да көп тобы бойынша жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің дербес әзірленген білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын, жаңа білімді генерациялау және трансфертеу үшін іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулердің нәтижелерін пайдаланатын жоғары оқу орны деп айқындалған.

Зерттеу университеттерінің негізгі міндеті жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің барлық деңгейлерінде ғылыми қызмет пен білім беру процесін интеграциялау болып табылады.

Зерттеу университетті жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларының стандарттарын дербес әзірлейді және іске асырады. Ол жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша окуга қабылдау кезінде бейіндік бағыттың қосымша талаптарын белгілеуге құқылы.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 17 қаңтардағы № 732 Жарлығымен бекітілген Қазақстанның әлемнің ең дамыған 30 мемлекеттің қатарына кіруі жөніндегі тұжырымдамада жоғары білім берудің ғылымды қажетсінетін экономика қажеттіліктеріне бейімделуін арттыру құрылатын аграрлық-инновациялық кластерлері бар университеттерді интеграциялау арқылы жүргізілетіндігі атап өтілген. Мұндай интеграциялау міндеттері, ең алдымен, осындай кластерлердің құрамына кіретін зерттеу ЖОО-ларының алдына қойылады. Шетелде жоғары технологиялы стартаптарда оқытылатын тағылымдамалар жүйесі арқылы зияткерлік-инновациялық кластерлерде іс-қимыл жүргізетін компаниялар үшін кадрлар даярлау қамтамасыз етілетін болады.

Қазіргі уақытта елімізде зерттеу университетінің отандық моделінің тәсілдері белсенді түрде қалыптасуда. Атап айтқанда, ҚР Білім және ғылым министрлігі Ғылыми-білім беру қауымдастырының талқылауына зерттеу университеті сәйкес келуге тиіс өлшемшарттарды шығарды. Олар мынаны қамтиды:

- 1) білім алушылар контингенті;
- 2) кадрлық әлеует;
- 3) білім беру бағдарламаларының сапасы;
- 4) басқару құрылымы;
- 5) оқу-материалдық активтер;
- 6) ғылыми-зерттеу қызметі;
- 7) халықаралық ынтымақтастық және әлемдік ғылыми-білім беру кеңістігіне интеграция.

2010 жылы Қазақстан Республикасының Тұнғыш Президенті – Елбасының бастамасы бойынша «Назарбаев Университеті» ДБҰ құрылды. Жоғары оқу орны еліміздегі жоғары білімнің флагманы болып табылады және халықаралық деңгейдегі зерттеу университеті болуды көздейді. Бұл қызметі дербес және академиялық еркіндік принциптеріне негізделген Қазақстандағы тұнғыш университет. Университетке «Назарбаев Университеті», «Назарбаев Зияткерлік

мектептері» және «Назарбаев Қоры мәртебесі туралы» 2011 жылғы 19 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес дербестік мәртебесі берілді.

Осылайша, республикада қазіргі таңда зерттеу жоғары оқу орындарының қызметін құқықтық қамтамасыз ету негіздері бар, әлемдік тәжірибелі егжей-тегжейлі зерделеу және оны Қазақстан жағдайына бейімдеу негізінде ұлттық зерттеу ЖОО-ның қазақстандық моделі өзірленуде. Бұл модельдің қалай жұмыс істейтінің көруге және оның дамуын түзетуге мүмкіндік беретін Назарбаев Университеті осындай модельді пысықтаудың нақты көрінісі болып табылады.

Қазіргі уақытта елдің жоғары оқу орындары осы модельге ұмтылады.

Жоғарыда баяндалғанды ескере отырып, ҚазҰАУ-да жаңа білім мен озық өзірлемелерді жасайтын, заманауи халықаралық тәжірибеге негізделген оқыту модельдері мен технологияларын пайдаланатын институционалдық зияткерлік орталық қалыптасуда деп айтуда болады.

ЖОО трансформациясының негізгі бағыты бейімді кәсіби кәсіпкерлік үйымды қалыптастыруға бағытталған.

ҚазҰАУ әлемдік деңгейдегі ұлттық зерттеу университеті мәртебесіне үміткер ЖОО болып табылады.

Бүгінде әлемде азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету ұлттық қауіпсіздіктің негізі және экономиканың аграрлық секторын дамытудың маңызды бағыты болып табылады.

Біріккен Ұлттар Ұйымының (БҰҰ) Азық-түлік және ауыл шаруашылық ұйымының (ФАО) деректері бойынша қазіргі уақытта Жердің әрбір жетінші тұрғыны азық-түліктің жетіспеуінен зардал шегуде. Сарапшылардың әртүрлі бағалаулары бойынша әлемде аш жүрген және тойып тамақ ішпейтін адамдар саны жыл сайын 800 млн-нан 1 млрд 200 млн дейін адам жетеді.

Болжамдық деректер бойынша 2025 жылға қарай әлемдегі халық саны 8,5 млрд-қа жетеді, оның ішінде 83 %-ы дамушы елдерде тұратын болады. Ғалымдардың есеп-қисабы бойынша халықтың тамақ өнімдеріне деген сұранысын толық қанағаттандыру үшін азық-түлік өндірісі осы уақытқа дейін 70 %-ға артуы тиіс.

Сондықтан Қазақстанның агроОнеркәсіптік кешенінің алдында экспортқа бағдарланған, бәсекеге қабілетті ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру көлемін ұлттайту және осы салада еңбек өнімділігін 2022 жылға қарай 2,5 есеге дейін арттыру жөніндегі түбегейлі міндеттер түр.

Койылған міндеттерге қол жеткізу үшін елдегі әлеуетті мүмкіндіктер зор, атап айтқанда жер, су және еңбек ресурстары бар.

Қазақстан жер көлемі бойынша әлемде 9-шы және жан басына шаққанда жермен қамтамасыз етілу деңгейі бойынша 3-ші орынға ие, ауыл шаруашылығын дамыту үшін зор мүмкіндіктері бар. Елдің аумағы 272,5 млн гектарды құрайды, оның ішінде 217 млн гектары немесе 80 %-ы ауыл шаруашылығы алқаптары болып табылады. Бұл бүкіл әлемдік ресурстардың 4 %-ын құрайды. Бір тұрғынға 15 га жер тиесілі, оның ішінде 1,5 га егістік жер болып табылады.

Соңғы жылдары ауыл шаруашылығының жалпы өнімі 4,0 трлн теңгеден асты.

Республика ғаламшардағы аса ірі астық экспорттаушылар ондығына кіреді. 2018 жылы жалпы астық жинау 22 млн тоннаға жетті. Жыл сайын Орталық Азия елдеріне 6 млн тоннаға дейін және Еуропалық Одақ елдеріне 2 млн тоннаға дейін астық экспортталады.

Жалпы қазақстандық астық экспорттының географиясы 70 елді қамтиды, ал үн экспортты бойынша ол әлемдегі жетекші орындардың бірін алады.

Қазақстан халқы 18,5 млн адамды құрайды, оның ішінде ауылдық жерлерде 7,7 млн астам немесе ел халқының 42 %-ы тұрады.

ҚР АӨК-нің бәсекеге қабілеттілігін одан әрі арттыру үшін оның дамуын тежейтін негізгі проблемаларды шешу қажет, олар: ресурстық әлеуетті ұтымсыз пайдалану, ұсақ және үй шаруашылықтары санының көп болуына байланысты өнімнің тауарлық деңгейінің төмендігі, техникамен жарақтандырудың төмендігі, халықты ауыл шаруашылығы өнімдерімен қамтамасыз ету бойынша елдің импортқа тәуелділігі, инвестициялар мен мемлекеттік қолдаудың төмен деңгейі және т. б.

Республикада ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірумен 200,0 мыңдан астам агрокүрylum айналысады, оның ішінде 94 %-ы шаруа (фермер) қожалықтары.

Бұдан басқа, ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірумен 1,6 млн астам қосалқы шаруа қожалықтары айналысады, олар 32 % өсімдік шаруашылығының және мал шаруашылығының 68 %-дан астам өнімдерін өндіреді. Шаруа (фермер) қожалықтарының 63 %-ында ауыл шаруашылығы алқаптары 50 гектардан аз, 80 %-ында егістік алқаптары 50 гектардан аспайды.

Мал шаруашылығы өнімдерінің өндірісінде шаруа қожалықтарының 20 %-ында ірі қара мал базы 10-нан аспайды, 6 %-ында 10-нан аспайтын қой мен ешкі ұстайды. Шаруа (фермер) қожалықтары өсімдік шаруашылығы өнімінің 38 %-ын және еліміздің ауыл шаруашылығында мал шаруашылығы өнімінің 17 %-ын өндіреді. Бұл мәселелерді шешу үшін коопeração негізіндегі ірі тауар шаруашылықтарын құру қажет.

Республикада ауыл шаруашылығы инвестициялар тартуға қызығушылық жоқ, өйткені АӨК-ке салынған капитал оның ерекшеліктеріне, атап айтқанда, ауыл шаруашылығы дақылдары мен мал өсірудің маусымдылығына байланысты жеткілікті табыс әкелмейді.

2018 жылы ауыл, орман және балық шаруашылығына инвестициялық ұсыныстар 1 млрд АҚШ долларын құрады, бұл өткен жылға қарағанда бар болғаны 14 %-ға ғана жоғары.

Осы инвестиция көлемінің 38,9 %-ын немесе 0,4 млрд АҚШ долларын Ақмола, Солтүстік Қазақстан және Қостанай облыстары сияқты республиканың астық еgetін өнірлері алды. Инвестицияның жалпы көлемінің мал шаруашылығын дамытуға 59,5 %-ы және өсімдік шаруашылығына 38,9 %-ы бағытталды.

Осылайша, инвестициялардың жалпы көлемінде ауыл шаруашылығының үлесі 3,5 %-дан аспайды. Республикада ауыл шаруашылығы өнімдері өндірісінің белгілі бір өсуіне қарамастан, өнімнің көптеген түрлері бойынша ел халқы тамақтанудың ұтымды (медициналық) нормалары немесе азық-түлік қауіпсіздігі шегінде азық-түлікпен қамтамасыз етілмейді.

Азық-түлік қауіпсіздігі деңгейінде біз 100 % нан өнімдерін, 95 % картоп, 86 % жаңа піскен көкөністер, 83 % ет тұтынамызы, ал қалған өнімдерді Қазақстан 30-дан 60 %-ға дейін импорттайды, бұл елдің аграрлық секторын басқа мемлекеттерге тәуелді етіп қояды.

Әсірсесе нарық сыйымдылығындағы импорттың үлесі мына өнімдер бойынша көп екені байқалады: жемістер - 70 %, құс еті - 56,8 %, шұжық - 44,3 %, сүт өнімдері - 40-50 %, консервіленген жемістер мен көкөністер - 85-95 % және т. б.

Ел халқын осы өнімдермен толық көлемде қамтамасыз ету үшін отандық ауыл шаруашылығы өнімдерінің өндірісін арттыру қажет. 2016 жылы Ұлттық кәсіпкерлер палатасы импорт алмастыру бағдарламасы басталды деп жариялады.

Бұл бағдарламаның мақсаты: импортталатын тауарларды, атап айтқанда Қазақстанда өндіруге болатын азық-түлік өнімдерін ауыстыру. Ақшалай баламада импорт алмастыру 394,7 млн АҚШ долл. үнемдеуге мүмкіндік берер еді. Халықтың тамак өнімдерін тұтынуын ұлғайтудың тағы бір жолы – қайта өнделген ауыл шаруашылығы өнімдерінің үлесін арттыру.

Алайда, объективті және субъективті себептерге байланысты қайта өндеу өнеркәсібінің құрылымы түпкілікті қофамдық қажеттіліктердің құрылымына сәйкес келмейді, бұл дайын өнімдер өндірісінің айтарлықтай артта қалуына әкеп соқты. Мысалы, етті қайта өндеу өндірістің жалпы көлемінің 24 %-ын, сүт – 30 %-ын, астық – 27 %-ын, жеміс пен көкөніс – 7 %-ын құрайды.

Ғылымға басты рөл берілген заманауи инновациялық технологиялармен ауыл шаруашылығы нашар қамтамасыз етілген. Жалпы республика бойынша ғылыми зерттеулерге берілген қаржыландыру көлемі 2017 жылы шамамен 69 млрд теңгені құрады, оның ішінде ауыл шаруашылығы ғылымына 6,5 млрд теңге бөлінді, бұл 9,4 %-ды құрайды.

Ауыл шаруашылығындағы еңбек өнімділігінің төмен болу себептерінің бірі – бұл шаруалардың білімінің жеткіліксіз деңгейі, агротехникалық тәсілдерді білмеу, жануарларды ұстау және оларды құту бойынша талаптардың бұзылуы.

Бүгінде еліміздің фермер қожалықтарында 156,3 мыңдан астам адам жұмыс істейді, базалық аграрлық білімін былай қойғанда, олардың тек 6,8 %-ының ғана жоғары және техникалық кәсіптік (колледж) білімі бар.

Кез келген дамыған ел экономикасының жай-күйі көбінесе инновациялық идеяларды енгізу қарқындылығымен және жылдамдығымен айқындалады, ал табыс – мамандардың біліктілігіне, олардың курделі ғылыми, зерттеу, экономикалық және ұйымдастырушылық міндеттерді шығармашылықпен шешуге қабілеттілігіне байланысты болады.

2021 жылға қарай АӨК дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында мынадай нәтижелерге қол жеткізу жоспарлануда:

1) 2015 жылғы деңгейге қарағанда нақты мәнде ауыл шаруашылығындағы еңбек өнімділігінің 38 %-ға өсуі;

2) ауыл шаруашылығы жалпы өнімінің (қызметтерінің) 2015 жылғы деңгейге қарағанда нақты мәнде 30 %-ға өсуі;

3) азық-түлік тауарлары экспорты көлемінің 600 млн АҚШ долларына өсуі;

4) азық-түлік тауарлары импортының көлемін 400 млн АҚШ долларына төмендету;

5) азық-тұлік тауарларының көтерме саудасының 2015 жылғы деңгейге қарағанда 29 %-ға өсүі;

6) суармалы алқаптың 1 га суаруға су шығынын 2015 жылғы деңгейге қарағанда 20 %-ға төмендету (2015 жылы 9180 м^3 -ден 7348 м^3 -ге дейін төмендеу);

7) 2015 жылғы деңгейге қатысты қосымша жер үсті су ресурстарын $1,9 \text{ км}^3$ ұлғайту;

8) өнеркәсіпте қайта және айналымды сумен жабдықтау жүйелеріндегі су көлемі: қайта 2015 жылы $0,69 \text{ км}^3$ -тен $0,77 \text{ км}^3$ -ге дейін; айналымды 2015 жылы $7,3 \text{ км}^3$ -тен $7,62 \text{ км}^3$ -ге дейін. Сондықтан қазіргі Қазақстанның бәсекеге қабілеттілігі көп жағдайда білім берудің даму деңгейімен айқындалатыны сөзсіз.

Қазіргі заманғы ЖОО-ның негізгі миссиясы құрылатын, ғылымды қажет ететін бағыттарда жұмыс істеу үшін мамандардың жаңа буынын даярлаудан көрінеді. Қазақстандық ЖОО дәстүрлі мамандықтар бойынша ғана емес, еліміздің аграрлық нарығында сұранысқа ие жаңа мамандықтарды да ашуда.

Ғылыми зерттеулерді дамыту университет ұсынатын білім беру қызметтерінің деңгейін жоғарылатуға және нысандарын оңтайландыруға әкеледі.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасының Үкіметі мемлекет экономикасын инновациялық дамыту міндеттерін шешу үшін білім, ғылым және өндірісті интеграциялау негізінде жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді жүйелі түрде жаңғыруға зор көңіл бөледі.

Қазіргі уақытта жоғары білім беруде жаңандық трендтер:

- 1) жаңандық демографиядағы өзгерістер;
- 2) барлығы үшін білім беруді дамыту;
- 3) жоғары білімді интернационалдандырудың ұлттық стратегиясы;
- 4) білім беруді қаржыландыру;
- 5) ЖОО мен жұмыс берушілер арасындағы ынтымақтастық;
- 6) білім беруді цифрландыру;
- 7) кең бейінді дағдыларға сұраныс;
- 8) университет бренди мен білім беру қызметтері сапасының арақатынасы;
- 9) ағылшын тілі оқыту тілі ретінде;
- 10) студенттің оқу тәжірибесіне назар аудару (Британ кеңесі: 10 тренд: жоғары білім берудегі трансформациялық өзгерістер, 2017 ж.).

Қазақстан 2020 жылға арналған білім беруді дамытудың негізгі трендтерін қосымша анықтады:

- 1) интернационалдандыру;
- 2) автономияны енгізу;
- 3) цифрландыру;
- 4) педагогикалық білім арқылы адами капиталды дамыту.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жоғары оқу орындарының академиялық және басқарушылық дербестігін кеңейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2018 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Занына өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

Бұл бірқатар заңдарға қатысты болды: Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі, Бюджет кодексі, «Халық денсаулығы және денсаулық сактау жүйесі туралы» кодексі, Қазақстан Республикасының «Қазақстан

Республикасындағы банктар және банк қызметі туралы», «Коммерциялық емес ұйымдар туралы», «Қазақстан Республикасының қорғанысы және Қарулы Күштері туралы», «Концессиялар туралы», «Білім туралы», «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мэртебесі туралы», «Ғылым туралы», «Мемлекеттік мұлік туралы», «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мэртебесі туралы», «Рұқсаттар және хабарламалар туралы», «Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы» заңдары.

Бірқатар нормативтік-құқықтық актілерге өзгерістер енгізілгеннен кейін жаңалары қабылданды: *Білім берудің барлық деңгейлеріндегі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты, Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары* және т.б. Университетте сапалы білім беруді жүзеге асыру және бәсекеге қабілетті білім беру бағдарламаларын дамыту үшін бірқатар ішкі нормативтік-құқықтық актілерді жаңартты.

3.2. Зерттеу университеттері – жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді дамытудың әлемдік тренді

Дамыған елдерде ірі университеттер бизнес орта мен білім беру және ғылыми процестердің интеграторы рөлін атқарады. Мұндай университеттер зерттеу ЖОО мэртебесіне ие.

Зерттеу университеттері Батыс Еуропаның көптеген елдерінде, АҚШ-та, Ресейде және т.б. бұрыннан бері ойдағыдай жұмыс істеп келеді. Олар өздерін білім, ғылым, өндіріс және бизнес ортаны интеграциялау орталықтары ретінде көрсетті.

Неміс философы В. Гумбольдттың ойынша, зерттеу университеті – бұл студенттерді оқыту және ғылыми зерттеулер толық академиялық еркіндікten қамтитын университеттік автономияны қамтамасыз ету кезінде үздіксіз бірлікте болатын жоғары оқу орны.

АҚШ-тың мұндай университеттерді дамытудағы тәжірибесі бай. XX ғасырдың ортасына қарай америкалық жетекші университеттер бизнеске, индустрияға және басқарудың қуатты жүйесімен тығыз байланысты мықты білім беру, зерттеу және ғылыми-өндірістік кешендерге айналды.

1992 жылы АҚШ-та табысы жоқ ұйымдардың қабырғасында (*университеттер мен зертханаларда*) құрылған жоғары технологиялық өнімдерді нарыққа жылжыту үшін неғұрлым қолайлы жағдай жасауға арналған ғылым мен технологиялар саласындағы шағын бизнесі қолдау бағдарламасы әрекет ете бастады. Оның арқасында табысы жоқ зерттеу ұйымдарымен бірлескен жұмыстар жүргізетін шағын бизнес кәсіпорындары мемлекеттен қаржылай қолдау ала алады.

Зерттеу университеттерін қалыптастырудың осыған үқсас тәсілі Ұлыбритания, Дания, Финляндия, Ирландия елдерінде қалыптасты, онда олар ұйымдық қызметке байланысты мәселелерді дербес шеше алады, мемлекет араласпай-ақ коммерциялық және коммерциялық емес ұйымдарды құра алады.

Азия-Тынық мұхиты өнірінде экономикалық реформалар жүргізілген жылдары жылдам әлеуметтік-экономикалық өзгерістер экономикалық өсу қарқынына зор ықпалын тигізді. Бұл кадрлар даярлауға қойылатын жоғары талаптарды әзірлеу үшін негіз болды және тиісінше жоғары оқу орындарының дербестікке көшу міндеттін алға қойды.

Қазіргі уақытта әлемдік практикада зерттеу университеттерін дамытудың мына басымдықтары қалыптасты:

- 1) университеттің полифункциялы болуы немесе заманауи білім трансфертін жасауға да, қамтамасыз етуге де қабілеті;
- 2) ғылыми зерттеулер мен өзірлемелерге, ең алдымен іргелі зерттеулерге күшті бағдар;
- 3) ғылыми дәрежесі бар мамандарды даярлау жүйесінің болуы, оның ішінде магистранттар мен докторанттар саны жалпы жоғары білім алуға бағытталған студенттер санынан асқан кезде;
- 4) ғылымның заманауи бағыттарына, жоғары технологияларды дамытуға және экономикадағы, ғылым мен техникадағы инновациялық секторға бағдарлану;
- 5) жаратылыстану, әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдарды қоса алғанда, мамандықтар мен мамандандырудың кең жынтығы;
- 6) конкурстар, соның ішінде халықаралық конкурстар негізінде жұмысқа қабылданған оқытушылардың жоғары кәсіби деңгейі;
- 7) әлемнің түрлі елдерінен жетекші мамандарды уақытша жұмысқа шақыру мүмкіндігінің болуы;
- 8) ақпараттық ашықтықтың жоғары дәрежесі және ғылым мен білім берудің халықаралық жүйесіне кірігуі;
- 9) әлемдік тәжірибеге сезімталдық және ғылыми зерттеулердің жаңа бағыттары мен оқыту әдістемесіне қатысты икемділік;
- 10) студенттерді қабылдау кезіндегі байқау және селективті тәсіл;
- 11) университет төнірегінде ерекше зияткерлік ортаны қалыптастыру;
- 12) университет төнірегінде көбінесе технопарк құрылымдарымен толтырылатын мамандандырылған ғылыми-техникалық және экономикалық кеңістікті қалыптастыру;
- 13) осы өнірдің, елдің және жалпы әлемдік ғылыми және білім беру қоғамдастығының ішіндегі көшбасшылыққа үмтүлу.

Қазіргі заманғы зерттеу университеті – бұл, әрине, зор дербестікке ие ірі экономикалық нысан. Техас университетінің жылдық бюджеті – 3 млрд доллар, Стэнфорд университеті – 1 млрд доллар, Манчестер метрополитен университеті – 1 млрд долларды құрайды. Зерттеу университеттері негізгі интегратор болып табылады және бизнестің тен құқылы серіктеріне айналды.

Университеттердің айналасында ғылымның, білімнің және бизнестің интеграцияланған даму нысаны ретінде зерттеу парктарі құрылады. Зерттеу паркі үздіксіз инновациялық циклды қамтамасыз етудің ғылыми-өндірістік, оқу және әлеуметтік-мәдени орталығы (зерттеу университеті) айналасында біріктірілген ғылыми-өндірістік аймақ болып табылады.

Зерттеу паркі тұжырымдамасының мәні зерттеу орталығы мен бизнестің байланысын қамтамасыз ететін, жоғары технологиялы шағын кәсіпорындарды құратын және бастапқы кезеңде қолдайтын ерекше инфрақұрылым құрудан тұрады.

Парктерде технологиялық трансферт, яғни жобалары ғылыми орталықтарда пайда болған жаңа технологияларды өндіріске беру, ойды өнім шығару кезеңіне дейін жеткізу жүзеге асырылады.

Парктің өзегі инновациялық бизнес-инкубатор болып табылады, онда ғалымдар өз әзірлемелерін мұқият сараптаудан кейін үй-жайлар мен жабдықтарды жеңілдікпен жалға алу, іскерлік кеңес беру, қаржылық, ақпараттық және ұйымдастырушылық қолдау мүмкіндігін алады. Паркте заңды және экономикалық дербес фирмалар жұмыс істей бастайды.

Осылайша, зерттеу университеттері екі жұз жылдан астам жұмыс істеп келеді, осы уақыт ішінде олар бүкіл әлемге тарапалды. Ресейде, мысалы, 24 зерттеу ЖОО жұмыс істейді.

Інтимақтастық үшін және ҚазҰАУ дамуының үлгісі ретінде әлемдік жетекші жоғары оқу орындарының референттік тобын таңдау кезінде мына өлшемшарттар қабылданды:

- 1) аграрлық мамандарды даярлау бағытының сәйкестігі;
- 2) ЖОО-ның географиялық орналасуы (*азиялық және европалық ЖОО-лар*);
- 3) халықаралық рейтингтердегі жоғары орындар (1-кесте).

1-кесте. Университеттердің референттік тобы

Университеттің толық атауы	Қысқартылған атауы	2019 – 2020 жж. рейтингіндегі позициялар		
		QS	THE	ARWU
Wageningen University (Нидерланды)	WUR	125	59	151-200
University of Pennsylvania (АҚШ)	PENN	15	11	17
University of Eastern Finland (Финляндия)	UEF	498	401-500	301-400
University Putra Malaysia (Малайзия)	UPM	159	601-800	701-800
Konkuk University (Оңтүстік Корея)	KU	571-580	601-800	701-800

Аталған университеттердің жеке ерекшеліктері:

WUR – Нидерландтағы «Дұрыс тамақтану және тірі орта» тақырыбына ерекше назар аударатын жалғыз университет болып табылады. ЖОО үкіметпен және бизнес-қауымдастықпен тығыз ынтымақтастықта жұмыс істейді.

Соңғы он жыл бойы Вагенинген университеті Нидерландтағы ең үздік ЖОО болып табылады. Жоғары білім беру ақпарат орталығы жариялаған «Keuzegids Universiteiten – 2015 ж.» оқу құралында былай делінген: «бұл университетте білім беру басқа жоғары оқу орындарына қарағанда жоғары». Вагенинген зерттеу университетінің миссиясы табиғи ресурстарды зерттеу және оларды өмір сапасын жақсарту үшін пайдалану болып табылады.

PENN – экологиялық тұрақтылық XXI ғасырдың басты мәселесі болып табылады, онда жоғары білім беру климаттың жаһандық өзгерістерін шешуде жетекші рөл атқара алады. Өзінің Іс-қимыл жоспарында тұжырымдалған зерттеулер, оқыту және тәжірибе арқылы Пенсильвания университетінің қызметі

ауыл шаруашылығының орнықты дамуын ілгерілетуге және экологиялық саясатты жүзеге асыруға бағытталған.

UEF – университеттің 2015 – 2020 жылдарға арналған стратегиясы университет пәнаралық зерттеулер мен білім беру арқылы шешімдер табуга ұмтылатын жаһандық мәселелер төнірегінде құрылады. Ғылыми зерттеулер мен білім беру жауапты және орнықты болашақ құруға арналған құралдар болып табылады.

UPM ұраны – «Білімге қызмет ету». Университет білімді таратуға, халықтың әл-ауқатын арттыруға және оны біркітіруге ұмтылады. Накты уақыт режимінде жұмыс істейтін интерактивті электронды жүйе кез келген мәселе бойынша кураторға жүгінбей-ақ кеңес алуға мүмкіндік береді.

KU – университет қызметі болашаққа бағытталған қызметкерлерді, кәсіпқой мамандарды және қайырымдылыққа, шынайылыққа, адалдық пен әділдікке негізделген көшбасшыларды ынталандыруға бағытталған. Университеттің пайымы көреген кәсіпқойларды дайындауда және жана білім беруде жаһандық стандарттарды орнату болып табылады.

Референт университеттердің негізгі бәсекелік артықшылықтары:

PENN – студенттердің оқу бағдарламаларына климаттың өзгеруіне және оның орнықты даму жолына байланысты мәселелерді енгізуге ұмтылады. Қазіргі уақытта институционалдық басымдықтардан туындаитын ғалымдардың көптеген ұсыныстары «жасыл кампустың әріптестігіне» тиесілі. Бұл серіктестік мүшелері студенттерге ерекше көңіл бөле отырып, тиісті зерттеулер мен тағылымдамаларды өткізу үшін бағдарламаларды енгізуді және мүмкіндіктерді кеңейтуді жалғастыруда. Университет 141 ғылыми-зерттеу орталықтарымен және институттарымен зерттеулер жүргізеді. 2015 жылдың мәліметтері бойынша ғылыми қауымдастық 4300-ден астам оқытушыны және 1100-ден астам ғылыми қызметкерді, 5500 оқытушы мен тағылымдамашы-магистранттарды қамтиды. Ғылыми зерттеулерді қаржыландыру көлемі 851,0 млн АҚШ долларын құрайды. Зерттеу қызметінің ауқымы мен пәнаралық сипаты университетке ұлттық-рейтингтік зерттеу университеті болуға мүмкіндік береді.

UEF – 3 кампусы бар, 13 салада ғылыми зерттеулер жүргізіледі, 20000 студент, 2800 қызметкери бар. Бұған халықаралық рейтинг бойынша әлемнің 300 көшбасшы университеті кіреді. Шығыс Финляндия университеті халықаралық ынтымақтастық пен интернационалданыруды өз қызметінің ең ірі бағыттарының бірі деп санайды. Университет халықаралық ғылыми қоғамдастықтың белсенді мүшесі болып табылады, зерттеулер мен білім беруде жоғары стандарттарға қол жеткізуге, шетелдік студенттер мен қызметкерлерді көбірек тартуға ұмтылады, сонымен қатар өз қызметкерлері мен студенттерін интернационалданыруға жәрдемдеседі.

UPM – кеңес беру орталықтары мен әлеуметтік іс-шаралардың қуатты инфрақұрылымы студенттер үшін қолайлы білім беру атмосферасын құруға ықпал етеді. Университетте интернационалды орта қолдау алып, мәдениетаралық қарым-қатынастың бірегей тәжірибесі ұсынылады.

KU – осындай білімдерді қажет ететін өнеркәсіп кәсіпорындарымен жана білім және ынтымақтастық жасау жолымен зерттеу университетіне бағдарланған

әлемдік санаттағы ЖОО құрылышына баса назар аударады. Университет бүкіл қоғаммен бөлісу үшін өндірістік-академиялық зерттеулер нәтижелерін таратуды жалғастыруды.

Көрсетілген бәсекелік артықшылықтарға қол жеткізу тетіктерін зерделеу мақсатында референттік жоғары оқу орындарымен жүйелі өзара іс-қимыл болады.

3.3. Аграрлық білімнің, ғылымның және өндірістің дамуын SWOT-талдау

Университет дамуының перспективалық параметрлерін анықтау үшін ЖОО-ның бүкіл қызметіне талдау жүргізілді. Университет қызметінің барлық салаларын талдау нәтижелері SWOT-талдауда келтірілген (2,3,4,5-кестелер).

Интеграция олардың әрқайсысының жұмыс істеу тиімділігін едәуір арттыратын элементтердің өзара іс-қимылдының нысаны болып табылады.

Өзара іс-қимылдың тиімділігі көбінесе экономиканың инновациялық дамуының мүмкіндіктері мен шарттарын, инновациялық технология мен білім экономикасына көшуді айқындаиды.

Қазіргі уақытта өнеркәсіптік түрғыдан дамыған елдерде ЖІӨ өсімінің 80-95 %-ы технологияларда, жабдықтар мен техникада іске асырылған жаңа білім үлесіне тиеді. Тиісінше ғылыми-техникалық өзірлемелердің, оларды құру және енгізу тетіктерінің маңыздылығы, ғылым мен өндірістің біріктіру мәселелерінің маңыздылығы артады.

Үштік спираль моделінде университеттер ғылыми білімнің және ғылыми-техникалық өзірлемелердің генераторлары ретінде қарастырылады, инновациялық дамудың басты қозғаушы күші болып саналады.

2-кесте. Университет қызметін SWOT-талдау

S (strength) – күшті жақтары	W (weakness) – әлсіз жақтары	O (opportunity) – қолайлыш мүмкіндіктер	T (threat) - қауіптер
1. 90 жылдық тарихы және қалыптасқан дәстүрі бар ұлттық аграрлық акредиттіген ЖОО-ның мәртебесі. 2. Жоғары кадрлық әлеует: 19 КР ҰҒА академигі, 138 ғылым докторы және 314 ғылым кандидаты, 62 PhD докторы 3. Дамыған ғылыми-инновациялық инфрақұрылым: 7 ғылыми-зерттеу институты, 31 зерттеу зертханасы, 7 заманауи бірегей	1. Тәжірибелік егіс жұмыстарын жүргізу, дақылдарды құту, егін жинау және жинаудан кейінгі өндөу үшін университеттің ОТШ қазіргі заманғы ауыл шаруашылығы техникасымен жарактандырудың төмен деңгейі 2. ОПҚ-ның халықаралық жобаларға қатысуының жеткілікіден деңгейі 3. F3Ж әлеуетті тапсырыс	1. АӘК-ні дамыту Қазақстан Республикасының экономикалық дамуында басым болып танылды. 2. Жер шарының азық-түлік қауіпсіздігі мәселесі елдің аграрлық секторына деген назарын арттырады 3. Ғылымды қаржыландырудың елдің ЖІӨ-нен 3 %-ға дейін өсуі. 4. Шетелдік компаниялардың аграрлық экономиканы инвестициялауға қызыгуышылығы. 5. Агротехнопарк пен ғылыми-инновациялық процестер	1. Сыртқы ортаның өзгеруі (әлеуметтік-экономикалық жағдай, демографиялық жағдай). 2. Материалдық-техникалық, ақпараттық және басқа ресурстардың қымбаттауына әкелетін инфляциялық процестер

<p>жабдықтармен жабдықталған инновациялық орталығы бар.</p> <p>4. Нақты ғылыми жобалар аясында құрылған 18 халықаралық зерттеу орталығы. Көлемі 838 га «АгроДиоН» оқытәжірибелік шаруашылығы және зерттеу зертханаларының болуы 0,5 млрд теңге сомасына 70-тен астам ғылыми жобаны орындауға және алынған нәтижелерді өндіріске коммерцияландыруға мүмкіндік береді.</p> <p>5. Халықаралық жобаларға қатысатын жоғары білікті ОПК.</p> <p>6. ЖОО-ның F3I және ауыл шаруашылығы құрылымдарымен тығыз ынтымақтастыры (22000-нан астам шаруашылық университет ғалымдарының консалтингтік қызметтерімен қолданылады).</p> <p>7. Қазақстанның 6 өңірінде пилоттық шаруашылықтар базасында 3-тен 5-ке дейін ОГФО құрылды.</p> <p>8. «Ауыл шаруашылығы және биоресурстар» және «Ветеринария» бағыттары бойынша РОӘК-ЖБТ.</p> <p>9. Шетелдік жоғары оқу орындарымен және ғылыми орталықтармен бірлескен ғылыми жобаларды әзірлеу және орындау</p>	<p>берушілеріне жобаларды таныстыру үшін жобалық құжаттаманы дайындаудың әзірленген бірыңғай әдіснамасының болмауы.</p> <p>4. Агробизнес төлем қабілеттілігінің төмендігінен ғылыми жобаларға инвестиация салуга дайын емес</p>	<p>орталық құруға арналған база ретінде «АгроДиоН» оқытәжірибелік шаруашылығының болуы.</p> <p>6. Жоғары деңгейде ғылыми зерттеулер жүргізуі қамтамасыз ететін инновациялық орталықтардың болуы.</p> <p>7. Жұмыс істең тұрған аграрлық ғылыми-өндірістік консорциум және халықаралық ғылыми-білім беру консорциумы.</p> <p>8. Жаңа халықаралық білім беру бағдарламаларын ашу.</p> <p>9. Қос дипломды білім алу мүмкіндігі.</p> <p>10. Ғылыми қызмет нәтижелерін коммерцияландыру мүмкіндігі.</p> <p>11. MOOK іске асыру үшін онлайн оқу платформасын құру.</p> <p>12. Оқу инновациялық зертханаларын құру.</p> <p>13. Оқу-ғылыми инфрақұрылымды дамыту (Smart-фермалар, Агротехнопарк, жылышай)</p>	<p>3. Білім беру, ғылыми және өндірістік қызметті регламенттейтін нормативтік құжаттардың өзгеруі.</p> <p>4. F3Ж тапсырыстары үшін АӨК құрылымдарының жеткіліксіз қаржылық мүмкіндіктері.</p>
---	---	--	---

3-кесте. Қазақстан Республикасында аграрлық білім беруді дамытудың қазіргі жай-күйін SWOT-талдау

Күшті жақтары	Әлсіз жақтары
<p>1. Жоғары және жоғары оқу орынан кейінгі білім беру жүйесін толық мемлекеттік қолдау.</p> <p>2. Академиялық қоғам жоғары және жоғары оқу орынан кейінгі білім берудің бәсекеге</p>	<p>1. Профессор-окытушылар құрамының қартауы.</p>

<p>қабілеттілігін қамтамасыз етуде жүйелі реформалардың маңыздылығын түсінеді.</p> <p>3. Халықаралық серіктестікке ұмтылу.</p> <p>4. Жоғары оқу орындарында қос дипломды білім беру бағдарламаларының болуы.</p> <p>5. Білім беру процесінің мазмұны қогамның және еңбек нарығының заманауи сұраныстарына сай түзетіледі.</p>	<p>2. Өңірлік даму қажеттіліктеріне сай келмейтін көп бейінді жоғары оқу орындарының артық саны.</p> <p>3. Білім беру процесі мазмұнының теңгерімсіздігі.</p> <p>4. Білімнің, ғылым мен өндірістің әлсіз байланысы.</p> <p>5. Жоғары және жоғары оқу орынан кейінгі білім беру жүйесіндегі өзгерістер туралы академиялық қоғамның нашар ақпараттануы.</p> <p>6. ОПК шет тілдерін менгерудің әлсіз деңгейі.</p> <p>7. ЖОО-ның МТБ мамандарды даярлау бейініне сәйкес келмеуі</p>
Мүмкіндіктер	Қауіптер
<p>1. Қазақстанда жоғары және жоғары оқу орынан кейінгі білім саласында жоғары білікті мамандардың болуы.</p> <p>2. Халықаралық ынтымақтастықты кеңейту.</p> <p>3. Халықаралық гранттар мен бағдарламалар бойынша оқыту.</p> <p>4. Халықаралық білім беру және зерттеу ресурстарына қол жеткізу.</p> <p>5. ЖОО қызметін сырттай бағалау өлшемшарттарын өзгерту.</p> <p>6. АФК инновацияны енгізуін қазақстандық тәжірибесін тұрақты дамыту.</p>	<p>1. Білім берудің жаһандануы салдарынан бәсекелестіктің өсуі.</p> <p>2. Жоғары білім сапасын қамтамасыз етудегі стейкхолдерлердің пассивтілігі.</p> <p>3. Қазақстандық студенттер үшін қазақстандық білім берудің тартымсыздығы.</p> <p>4. Жосықсыз бәсеке.</p> <p>5. Мемлекеттік қаржыландыруды қысқарту.</p> <p>6. Кадрлардың басқа салаларға кетуі.</p> <p>7. Демографиялық дағдарыс.</p>

4-кесте. Аграрлық ғылым дамуының қазіргі жай-күйін SWOT-талдау

Күшті жақтары	Әлсіз жақтары
<p>1. Иргелі және қолданбалы зерттеулердің болуы.</p> <p>2. Ұжымдық пайдаланудағы ғылыми зертханалардың болуы.</p> <p>3. Ғылыми кадрларды даярлауга халықаралық тәсілдерді енгізу.</p> <p>4. Ғылымның заманауи бағыттарына бағдарлау.</p> <p>5. Толық мәтінді ғылыми журналдарға және халықаралық деректер базасына қол жеткізу.</p>	<p>1. Ғылымның, білім мен тәжірибелің жеткіліксіз интеграциясы.</p> <p>2. Құрылымдық бөлімшелердегі ғылыми зерттеулердің тиімсіз менеджменті.</p> <p>3. ФЗИ және жоғары оқу орындарының материалдық-техникалық базасының әлсіздігі.</p> <p>4. Өндірістегі ғылыми әзірлемелер нәтижелерінің бәсекеге қабілеттілігінің темендігі және аз талап етілуі.</p> <p>5. Жоғары импакт-факторы бар журналдарда мақалалардың жариялануының төмен деңгейі.</p> <p>6. Еңбекке ақы төлеудің төмендігінен жас галымдардың ФЗЖ-ға уәждемесінің жеткіліксіздігі.</p> <p>7. Коммерцияландырудың пәрменді тетіктерінің және ғылыми нәтижелер трансфертінің болмауы.</p>
Мүмкіндіктер	Қауіптер
<p>1. Ғылымды дамыту бойынша мақсатты мемлекеттік бағдарламалардың болуы.</p> <p>2. Халықаралық, республикалық ғылыми гранттарды іске асыру.</p> <p>3. Ғылыми әзірлемелер мен инновацияларды оқу процесіне және өндіріске енгізу.</p> <p>4. Ғылыми әзірлемелер трансферті.</p>	<p>1. Еңбекақының төмендігінен ғылыми кадрлардың кетуі.</p> <p>2. Аграрлық ғылым мен жаңа технологияларды дамытуға байланысты ақпаратты жылдам жаңарту.</p> <p>3. Ғылыми зерттеулерге қаржы қаражатының жеткіліксіз бөлінуі.</p> <p>4. Нашар материалдық-техникалық база.</p> <p>5. Ғылыми кадрлардың карталуы.</p>

<p>5. Фылым, білім және өндірістің интеграциясын күшету.</p> <p>6. Халықаралық, республикалық ғылыми конференциялар, семинарлар, тренингтер ұйымдастыру.</p> <p>7. Білім алушыларда зерттеу құзыреттілігін қалыптастыру.</p>	
--	--

5-кесте. Университеттің білім, ғылым және өндіріс интеграциясы дамуының қазіргі жай-қүйін SWOT-талдау

Күшті жақтары	Әлсіз жақтары
<p>1. Елдің FЗИ және аграрлық жоғары оқу орындарындағы ғылыми қызметкерлердің жоғары әлеуеті.</p> <p>2. 13 FЗИ, 3 FӨО, 18 тәжірибелік шаруашылық және экономиканың аграрлық секторында білімді тарату бойынша 22 орталық жұмыс істейді.</p> <p>3. FЗИ мен ЖОО-да орындалатын барлық ғылыми әзірлемелер еліміздің АӨК әлеуетін арттыруға бағытталған.</p> <p>4. ҚР АӨК-дегі табиғи және адами ресурстардың зор әлеуеті (агроқұрылымдар саны 200,0 мың бірліктен, 217 млн га ауыл шаруашылығы алқаптарынан асады; ауыл шаруашылығында 1,6 млн астам адам жұмыс істейді және 1,6 млн адам өз бетінше жұмыспен қамтылған деп есептеледі).</p> <p>5. FЗИ, АШБ және ЖОО-да тиісті оқу және ғылыми инфрақұрылым бар (ҚазҰАУ-да Агротехнологиялық хаб құрылды).</p>	<p>1. Жоғары оқу орындары мен FЗИ бірлескен жұмысының әлсіз тетігі.</p> <p>ЖОО ғалымдары білім берумен, ал FЗИ қызметкерлері ғылыми зерттеулермен айналысусы тиіс деген субъективті көзқарас.</p> <p>2. Консалтингтік қызметтер көрсетілгені үшін және өндіріске инновациялық технологиялар енгізілгені үшін ауылдық тауар өндірушілердің төлемге кабілетсіздігі.</p> <p>3. Ғалымдарда алынған ғылыми нәтижелерді өндіріске енгізу бойынша практикалық дағдылардың болмауы.</p> <p>4. Бұл екі жүйе ғылыми процестерді оңтайлы ұйымдастыру мәселелерінде әрдайым өзара бәсекелеседі.</p> <p>5. FЗИ кадрлық қамтамасыз етілуі (FЗИ төмен жалақының салдарынан жас ғалымдар ол жерде жұмыс істегісі келмейді).</p> <p>6. Материалдық-техникалық базаны және т. б. дамыту үшін қаржы ресурстарының жетіспеушілігі орын алуда.</p> <p>7. Көптеген ауыл қесіпкерлерінің аграрлық білімінің болмауы өндіріске ғылыми нәтижелерді енгізу үшін кедергі болып табылады.</p> <p>8. Ғылымның, білім мен тәжірибелің жеткіліксіз интеграциясы.</p>
Мүмкіндіктер	Қауіптер
<p>1. Экономиканың аграрлық саласында FЗТКЖ бірыңғай үйлестіруді жүзеге асыру.</p> <p>2. Академиялық және басқару автономиясын кеңейту.</p> <p>3. Әлеуетті жұмыс берушілермен және еңбек нарығымен тиімді өзара іс-қимыл жасау.</p> <p>4. Арасалас салалардан мультиплікативті тиімділікке қол жеткізу.</p> <p>5. Ғылыми зерттеулерді басқарудың тиімділігін арттыру:</p> <ul style="list-style-type: none"> - жаңа білім беру бағдарламаларын ашу; - материалдық-техникалық базаны және қаржылық тұрақтылықты нығайту; - әлемдік академиялық рейтингтердегі жоғары оқу орындарының позициясын жақсарту. 	<p>1. Өндіріске ғылыми нәтижелерді енгізу үшін ауыл қесіпкерлерінде қаржы қаржатының болмауы.</p> <p>2. Ауыл шаруашылығын дамыту ерекшеліктерімен байланысты тәуекел, атап айтқанда топырақ-климаттық жағдайларға тәуелділік.</p> <p>3. FЗИ мен ЖОО-лар өзара бәсекеге түспеуі, елдің АӨК тиімді дамуы үшін үдерістерді шоғырландыруы тиіс.</p> <p>4. АӨК-тегі өндірістің ұсақ тауарлылығы және ауыл шаруашылығының т.б. мәселелері FЗТКЖ нәтижелерін тиімді енгізуге мүмкіндік бермейді.</p>

Күшті жақтары	Әлсіз жақтары
<p>6. Өндіріске ғылыми нәтижелерді енгізу үшін субсидия түрінде ауыл кәсіпкерлеріне мемлекеттік қолдау көрсету.</p> <p>Ғылыми нәтижелерді енгізетін, қосымша жұмыс орындарын құратын, жұмысқа жас мамандарды және т. б. тартатын ауыл шаруашылығы кәсіпорындары үшін женілдікті кредит беру, дотация, салық салу сияқты экономикалық тетіктерді әзірлеу.</p>	

Іс жүзінде дамыған елдерде іргелі зерттеулер негізінен университеттер мен ғылыми мекемелерде мемлекеттік қаржыландыру есебінен жүргізіледі.

Бірақ негізгі инновациялық әзірлемелерді жеке сектор өзінің ғылыми мекемелеріне қаржы салу есебінен жасайды.

Көп жағдайда бұл бизнестің бәсекелестік артықшылықтарды құру және сақтау үшін «жабық» әзірлемелерді жүргізу қажеттігіне байланысты.

АҚШ-та жеке сектордың ғылыми зерттеулер мен әзірлемелерге қосқан үлесі шамамен 75 %-ды құрайды, Жапонияда инновацияға жеке инвестициялардың үлесі шамамен 80 %-ды құрайды.

Қазақстанда іргелі ғылыми зерттеудердің негізгі көлемі университеттерге емес, ҚР БГМ институттарына тиесілі. Қазақстандағы инновациялық әзірлемелер негізінен мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылады.

Қазақстандағы және өнеркәсіптік тұрғыдан дамыған елдердегі университеттер, бизнес және билік әртүрлі болып келеді, олардың өзара іс-қимылдының сипаты да ерекшеленеді. Біздің еліміздің ұлттық ерекшеліктері үштік спираль моделінің әмбебап тәсілдеріне сай келмейді.

Мұнда негізгі проблема инновациялық әзірлемелерді қаржыландыруға қабілетсіз экономиканың әлсіз нақты секторы болып табылады.

Елде экономиканың нақты секторын инновациялық негізде дамыта отырып, оған қаржы құттын әлеуетті инвесторлар жоқ.

Сондықтан «ұш тағанды» ықпалдастыру үшін ғылыми әзірлемелерді орындауға және олардың нәтижелерін өндіріске енгізуге мемлекеттік қолдау шараларын қайта қарастырылады.

4. Бағдарламаның талдамалық және болжамдық негізdemесінің блогы

4.1. ҚазҰАУ қызметінің жай-күйін, негізгі проблемалары мен олардың себептерін талдау

Жаһандық және өнірлік нарықтардағы қазіргі заманғы университет табысының негізгі факторларының бірі оның экожүйесі болып табылады.

Қазіргі кезде университеттер емес, университеттік экожүйелер бәсекелесуде.

Білімнің, ғылым мен өндірістің коммуникациясына арналған алаң ҚазҰАУ экожүйесінің негізі болып табылады. Университет кадрларды даярлау және

өндіріске ғылыми зерттеулердің нәтижелерін енгізу мәселесінде ғылыммен және бизнес-құрылымдармен тығыз байланысты дамытады (1-сурет).



1-сурет. Университеттің білім беру экожүйесі


Университет экожүйесінің ішкі ортасының ресурстық құрамдас бөлігі – зияткерлік, материалдық, адами, қаржылық, инфрақұрылымдық ресурстарды қамтитын инновациялық әлеует.

Қазақ ұлттық аграрлық университетті еліміздің жетекші аграрлық ЖОО болып табылады. 2001 жылы Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Жарлығымен Ұлттық университет мәртебесі берілді.

2010 жылы ҚР Білім және ғылым министрлігінің бүйрүгімен университетке инновацияға бағдарланған жоғары оқу орны мәртебесі берілді.

ҚазҰАУ 41 бакалавриат, 39 магистратура және 16 PhD докторантуралары мамандықтары бойынша білім беру бағдарламаларын жүзеге асырады. Профессор-оқытушылар құрамының дәрежелі болуы 67 % құрайды.

ҚазҰАУ білім алушыларының контингенті (2018 ж. 01.10. ж.б.) 7988 адамды құрады, оның ішінде магистратурада – 717 адам (9 %), докторантурада – 236 адам (3 %). 2010 – 2011 оқу жылымен салыстырғанда білім алушылардың жалпы контингенті 10 %-ға, оның ішінде магистратура бойынша 70 %-ға, докторантуралар бойынша 84 %-ға артты (2-сурет).




2-сурет. Білім алушылардың контингенті

Мемлекеттік білім гранты негізінде білім алушылар контингенті 67 % құрайды.


2018 жылдан бастап ЖОО ағылшын тіліндегі топтарда даярлауды жүзеге асырады. Көптілді топтарда студенттердің 30 %-ы оқиды, шет тілінде оқытылатын оқу пәндерінің үлесі – 27 %. Көптілді білім беру сайты жұмыс істейді.

2018 жылы білім алушыларды қабылдау 2880 адамды құрады, 2010 жылмен салыстырғанда қабылдау 17 %-ға артты, оның ішінде магистратура 81 %-ға, докторантурасы 86 %-ға артты (3-сурет).



3-сурет. ҚазҰУ-да білім алушыларды қабылдау

Университетте біліктілігі жоғары профессор-оқытушылар құрамы (*бұдан әрі – ОПҚ*) бар. Мамандар даярлауды 766 оқытушы жүргізеді, олардың ішінде 19 ҚР ҰҒА академигі, 138 ғылым докторы мен 314 ғылым кандидаты, 62 PhD докторы бар (4-сурет).



4-сурет. ОПҚ сандық және сапалық құрамы

Фылыми дәрежесі бар ОПҚ үлесі 2010 жылмен салыстырғанда 2018 жылы 52 %-дан 67 %-га артты.

Кафедра менгерушілерінің 57 %-ы 40 жасқа толмаған, ағылшын тілін еркін менгерген және халықаралық бағдарламалар мен жобаларда жұмыс тәжірибесі бар жас ғалымдар.

Сонымен қатар, университеттің 140 оқытушысы шет тілін менгерген, IELTS және TOEFL тиісті сертификаттары бар. ҚР БФМ «Өнімді инновацияларды ынталандыру» жобасы бойынша университеттің 150 қызметкери ағылшын тілін окудан өтуде.

ОПҚ құрамын жасарту үшін университетте жас ғалымдар қатарынан резерв құрылды. Жыл сайын ОПҚ-ның 30-35 % біліктілігін арттыру және фылыми тағылымдамадан өтеді. 107 ОПҚ «ЖОО-ның үздік оқытушысы» мемлекеттік грантының иегерлері болып табылады.

ҚазҰАУ «Ауыл шаруашылығы және биоресурстар», «Ветеринария» білім беру саласы бойынша Республикалық оқу-әдістемелік кеңесінің (бұдан әрі – РОӘК ОӘБ) оқу-әдістемелік бірлестігі болып табылады. ҚазҰАУ жанындағы РОӘК ОӘБ білім беру саласындағы ұлттық біліктілік шенберіне, салалық біліктілік шенберіне және кәсіптік стандарттарға сәйкес жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесін дамыту тәсілдерін әзірлеуге, әлемдік білім беру кеңістігінде оның бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған даму стратегиясын қалыптастыруға қатысу, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру сапасын қамтамасыз етудің сыртқы және ішкі жүйесін жетілдіру тәсілдері мен амалдарын әзірлеу, мемлекеттік саясатты іске асыру мақсатында жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесінде құрылған консультативтік-кеңесші жұмыс органды болып табылады.

Білім беру сапасын сырттай бағалау ұлттық және халықаралық аккредиттеуден өту жолымен қамтамасыз етіледі. Барлық білім беру бағдарламалары мамандандырылған аккредиттеуден өтті. 2019 жылы 19 сәуірде университет институционалдық аккредиттеуден өтті.

2018 жылдан бері QS (World University Rankings) әлемнің үздік университеттері рейтингінде жоғары оқу орны 651-орында, дамушы Еуропа мен Орталық Азия QS рейтингінде 200 жоғары оқу орнының ішінде 96-шы орында, UI GreenMetric рейтингінде 423-ші орынды иеленді.

Ұлттық рейтинг нәтижесі бойынша университет ғалымдары Хирш индексінің көрсеткіші жоғары Қазақстанның үздік 50 оқытушысының қатарына кіреді.

Жүргізілген SWOT-талдау нәтижесінде Қазақстанда АӨК дамуын тежейтін проблемалар анықталды.

Бұл мәселелерді шешуге университеттің барлық қызметі бағытталған: сұранысқа ие мамандарды даярлау, тұтынушылардың сұраныстары бойынша ғылыми жобаларды әзірлеу, ғылыми зерттеулердің нәтижелерін коммерцияландыру және т. б.

Қойылған міндеттерді шешу үшін университет 2002 жылы білімді, ғылымды және өндірісті біріктіру процесін бастады.

2010 жылдан бастап университет жобалық басқарудың халықаралық стандарттарын пайдалана отырып, ғылыми орталықтар мен жоғары оқу орындарының 13 халықаралық сарапшыларымен бірлесіп, қазақстандық алғашқы жоғары оқу орындарының бірі болып ұлттық зерттеу университетіне ауысу процесін бастады.

2015 жыл университет жаңа ұйымдық-құқықтық нысанға қайта құрылыш, БФМ-нің қарамағынан ҚР АШМ-не берілген бетбұрысты жыл болды. Бұл ЖОО-ға академиялық еркіндік алуға, автономияға көшуге, мемлекеттік-жеке меншік әріптестік тетіктерін пайдалана отырып, өзін-өзі қаржыландыру қағидаттарын іске асыруға мүмкіндік берді.

Университет өзінің инновациялық дамуында QS рейтингінде 1-ші жоғары оқу орны болып табылатын Вагенинген (Нидерланды) университетінің тәжірибесіне бағдарланады. Бұл университеттің экожүйесі өте дамыған.

Вагенинген зерттеу университетінің қалыптасу және даму тәжірибесі университеттің 20 жыл бұрын жоғары оқу орнына қосылған 5 ғылыми-зерттеу институтымен интеграциясы табысты екендігін көрсетеді. Мемлекет тарапынан оны дамытудың барлық мәселелерінде қолдау көрсетіледі.

Вагенинген университетінде Метрополiten Фуд Кластер желісі құрылды, оған университет, кәсіпорындар, үкіметтік және үкіметтік емес ұйымдар кіреді. Олар бүкіл әлем бойынша 20-дан астам агроЭнновациялық кластерді әзірлеп, іске асырудың арқасында бизнестің қызығушылығын тудырды. Біздің университет осы желіге кірді (5-сурет). Вагенинген университетінде оқытуудың ерекшелігі – мамандарды даярлау ғылым арқылы, ғылыми-зерттеу институттарында жүргізіледі.



5-сурет. Вагиненген MFC желісі

Әлемдік деңгейдегі зерттеу университетінің тұжырымдамасы әзірленді, онда «Жетістік факторлары» – ғылыми дарындар, қажетті ресурстар және тиімді менеджмент ескерілген.

Университеттің корпоративтік басқаруын дамыту тиімді және икемді модельді құруға бағытталған: адамдар-процестер-технологиялар.

Бірінші аспект – адамдар.

Екінші аспект – қаржылық және бизнес-процестерді дамытуды, ғылым мен өндірісті интеграциялауды, ғылыми зерттеулер нәтижелерін коммерцияландыруды көздейтін «процестер».

«Технологиялар» өлшемінде шешуші нәтижелер ретінде IT-шешімдер мен оқытуудың жаңа форматы орын алады.

2018 жылдан бастап университетте адами ресурстарды дамыту басқармасы (HR) жұмыс істейді. Персонал құзыреттерінің өлшемшарттарын және олардың қызметтінің нәтижелілігін бағалау тәсілдері қайта қаралды (KPI). Негізгі мүдделі тараптар: акционерлер, қызметкерлер және т. б. үшін автоматтандырылған жүйе енгізілді.

Цифрлық трансформация аясында университет корпоративтік басқару жүйесінің екі негізгі бағытын анықтады – басқарудың бірыңғай экожүйесі және қазіргі заманғы оқу процесін күру.

Жақын арада ЖОО негізгі бизнес-процестерді автоматтандырып, менеджмент тиімділігінің жаңа деңгейіне көшуді жоспарлап отыр.

Халықаралық стандарттарға сәйкес ОПК жаңа, қазіргі заманғы тәсілдерді ескере отырып аттестаттаудан өтті.


Университеттің цифрлық трансформациясын күшейту нәтижесінде: оқыту бағдарламалары жаңартылып, жаңғыртылады; университет қызметіне бизнес-коғамдастық гарнитурынан пайдаланып, оның қызметтерін атасынан өткөрді.

құрылады. Университет ғалымдары жалпы сомасы 2,0 млрд теңгеге жобалар бойынша 71 ғылыми-зерттеу және енгізу жұмыстарын орындайды. 2018 жылы ҚР БФМ және ҚР АШМ түрлі ғылыми конкурстарына қатысуға 256 жоба берілді.

ҚазҰАУ Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің 15 ғылыми-зерттеу институтымен және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 10 ғылыми-зерттеу институтымен тығыз байланыста.

22 ғалым ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет субъектілері ретінде аккредиттелген. Аты өлемге танымал академиктердің ғылыми мектептері қызмет атқарып, іргелі ғылыми кітапхана, ғылыми технологияларды коммерцияландыру кеңесі жұмыс істейді.

2015 жылдан бастап университетте Агротехнологиялық хаб жұмыс істейді, оның құрамына барлық инновациялық ғылыми-зерттеу зертханалары мен орталықтары енген. Оның маңаты жаңа білімдер мен инновациялық технологияларды іздеу Қазақстан Республикасының агроенеркесіптік кешеніне тарту және трансферттеу болып табылады (6-сурет).



6-сурет. Агротехнологиялық хаб құрылымы

Оның құрамына: 6 ғылыми-зерттеу институты, 31 зерттеу зертханасы, 7 инновациялық орталық: Қазақстан-Жапон, Су, АгроИнженерлік мәселелер және энергия үнемдеу, Қазақстан-Корей, Тұрақты егіншілік, Тағам өнімінің технологиясы мен сапасы, Қазақстан-Беларусь агроинженерлік, Digital кіреді. Дамыған ғылыми-инновациялық инфрақұрылым университетте зерттеулер жүргізуге және халықаралық деңгейде сұранысқа ие бөсекеге қабілетті мамандарды даярлауға мүмкіндік береді.

Мичиган университетімен Жер және Климаттық хабтарды ашу бойынша жұмыс жүргізілуде. Олар Жібек жолы елдеріне жер және су ресурстарын басқару мәселелерін шешуге арналған алаң бола алады.

Қазақстандағы жалғыз Фермерлер жоғары мектебі барлық облыстар мен


аудандарда құрылған Экстеншн білім беру орталықтары арқылы өндіріске инновациялық технологияларды қолдану және енгізу бойынша консультациялық және консалтингтік қызметтер көрсетеді. Фермерлердің қажеттілігін зерттеу және орын алған проблемаларды шешу үшін ғалымдар жыл бойы кесте бойынша базалық шаруашылықтарға барады.

Университеттің дамыған ғылыми-білім беру инфрақұрылымы бар. ЖОО Алматы қаласында орналасқан.

Университетте «АгроДиоНИИ» оқу-тәжірибе шаруашылығы негізінде Агротехнопарк жұмыс істейді. Ауданы 845 га құрайтын оқу шаруашылығы Алматы облысының Еңбекшіқазак ауданы Саймасай және Талғар ауданы Байбұлақ кенттерінде орналасқан.


ҚазҰАУ жалпы ауданы 63 748,8 ш. метрді құрайтын 12 оқу-зертханалық корпустары бар. Университеттің 10 студенттік жатақханасында 3766 орын бар. Барлығы – 45 объект, жалпы ауданы 116 931,5 ш. метрді құрайды.

Кірістер мен шығыстарды талдау арқылы университет жалпы алғанда тиімді жұмыс істейтінін көруге болады. 2019 жылы рентабельділік деңгейі 31,5 %-ды құрады, ал 2011 жылы бұл көрсеткіш 1,4 %-ға тең болды. 2019 жылы университет қызметінен алынған барлық пайда университеттің ОПК мен қызметкерлерінің жалақысын арттыруға бағытталғанын атап өткен жөн (7-сурет).



7-сурет. Кірістер мен шығыстар, млн теңге

2020 жылы ОПК орташа жалақысы 200,0 мың теңгені құрайды. 2011 жылмен салыстырғанда жалақы шамамен 2,0 есеге өсті (8-сурет). 2020 жылмен салыстырғанда ОПК-ның орташа жалақысын 2024 жылға қарай 1,6 есеге арттыру жоспарлануда.



8-сурет. ОПК орташа жалақысы, мың теңге

Университет экожүйесінің сыртқы ортасы екі деңгейді қамтиды.

Бірінші деңгей – ФЗИ, колледждер, республиканың басқа ЖОО-мен интеграция.

Екінші деңгей – агрокұрылымдармен, АӨК кәсіпорындарымен және қаржы институттарымен өзара іс-қимыл.

ҚазҰАУ Қазақстанның онтүстік және онтүстік-шығысында орналасқан ғылыми-зерттеу институттарымен және ғылыми орталықтармен тығыз ынтымақтастықты дамытады. ЖОО мен ФЗИ ғалымдары АӨК және ауылдық аумақтарды дамыту саласында іргелі және қолданбалы зерттеулер жүргізеді, бірлескен инновациялық білім беру бағдарламаларын өзірлейді, алынған ғылыми зерттеулердің нәтижелерін өндіріске енгізеді.

Барлық ғылыми жобаларға дайындық бағыттары бойынша магистранттар мен докторанттар қатысады. Жобалар нақты шаруашылықтар, ҚР АӨК кәсіпорындары базасында орындалады.

Студенттер 2-ші курстан бастап университет кафедраларының филиалдары орналасқан ФЗИ базасында тәжірибеден өтеді және дипломдық жұмыстарды орындаиды. ФЗИ жетекші қызыметкерлері дәріс оқиды, студенттерге, магистранттарға, докторанттарға сабак өткізеді.

Бұл жоғары білікті жас ғалым-кадрларды даярлау сапасын арттыруға, сабактастықты сақтау мақсатында тәлімгерлік институттарын нығайтуға, өндіріспен және бизнес-құрылымдармен ынтымақтастықты жүзеге асыруға ықпал етеді. Сондай-ақ мемлекеттік басқару органдарымен неғұрлым тиімді өзара іс-қимыл жасауға, алдыңғы қатарлы әлемдік тәжірибе дағдыларын Қазақстан жағдайларына трансфертеу және бейімдеу мақсатында жетекші шетелдік ғылыми-зерттеу институттарымен және университеттермен тығыз ынтымақтастықты жолға қоюға және т.б. мүмкіндік береді.

ҚР АШМ «Ұлттық аграрлық ғылыми-білім беру орталығы» КеАҚ Директорлар кеңесінің 2018 жылғы 2 шілдедегі шешімімен «Қазақ ұлттық аграрлық университеті» КеАҚ сенімгерлік басқаруына «Қазақ жеміс-көкөніс ФЗИ» берілді.

Бір жыл ішінде қайта ұйымдастыру жүргізілді, ұйымдық құрылым оңтайландырылды, институттың даму стратегиясы әзірленді. Павлодар қаласында картоп өндіру орталығы ашылды, онда ауыл кәсіпкерлері үшін тұрақты түрде оқыту семинарлары өткізіледі. Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді сапалы көшет материалымен қамтамасыз ету бойынша шаралар кешені әзірленді, жемісжидек дақылдарының көшеттік материалын өндірушілердің қауымдастыры құрылды. Жидекті дақылдар қауымдастырымен бірлесіп, фермерлерді оқыту бағдарламасы әзірленді.

Шығармашылық қабілеттерін дамыту және зерттеу қызметінің дағдыларын қалыптастыру арқылы тұлғаның білімін арттыру және зияткерлік әлеуетін дамыту үшін университетте Кіші академия жұмыс істейді. Академия: мектеп (лицей) – колледж – университет желісі бойынша аграрлық ұздіксіз білім берудің ұздіксіз (тұтас) жүйесін енгізіп, сол арқылы «өмір бойы білім беру» қағидатын іске асыруды қамтамасыз етеді (9-сурет).



9-сурет. Кіші академияның құрылымы

Университеттің колледждермен тығыз қызметі ғылыми-білім беру процесін өндіріске барынша жақыннатуға, ғылыми зерттеулердің нәтижелерін ауыл шаруашылығына енгізуге және сол арқылы білім беру, ғылым және агробизнес-ортаны интеграциялау процесін қүштейтуге мүмкіндік береді.

Университетке еліміздің оңтүстігінде, оңтүстік-шығысында орналасқан жетекші аграрлық колледждерді сенімді басқаруға беру жоспарланып отыр.

Университетке Есік мемлекеттік дендрологиялық паркін беру жоспарлануда, оның негізінде Сиверс алмасының ұлттық орталығы, Агротуризм орталығы құрылады.

Университеттің Еуропа, АҚШ және Азия-Тынық мұхиты өнірінің жетекші шетелдік жоғары оқу орындарымен және ғылыми орталықтарымен 137 келісімі бар. Жасалған шарттар аясында академиялық ұтқырлық, ғылыми тәжірибелер дамуда.

2019 жылы АӨК ғылыми үйімдары мен үйімдарында барлығы 414 магистрант пен докторант ғылыми тағылымдамадан өтті. 2011 жылмен салыстырғанда бул көрсеткіш 76 %-ға артты.

Шығыс ұтқырлық бойынша орта есеппен жылына 30-45 білім алушы шет елдерге шықты.



ЖОО-ның тартымдылығы артты. Егер 2011 жылы университетте шетелдік ЖОО-дан 1 студент білім алса, 2019 жылы – 366 студент білім алуда (10-сурет).

10-сурет. Академиялық ұтқырлық

Университет Еуропа, Америка және Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінің жоғары оқу орындарымен қос диплом бағдарламасын өзірледі. Олар – Шығыс Финляндия университеті, Брест мемлекеттік техникалық университеті (Беларусь), Варшава жаратылыстану ғылымдары университеті (Польша), Мәскеу мемлекеттік тамақ өндірісі университеті (Ресей), Сулейман Демирел университеті (Түркия), Солтүстік-Батыс ауыл және орман шаруашылығы университеті (Янлин, КХР), Чех жаратылыстану ғылымдары университеті, Паханг университеті (Малайзия), Әулие Иштван университеті (Венгрия), Нитра қ. Словак аграрлық университеті (11-сурет).



11-сурет. Қос диплом бағдарламасы

2011 жылы құрылған «АгроДаму» аграрлық ғылыми-өндірістік консорциумы 90-нан астам басқару, ғылым және бизнес құрылымдарын үйлестіреді. Университеттің бизнес-құрылымдармен тұрақты байланыстары жолға қойылған, өндірістік жағдайда инновациялық жобаларды орындауға келісімшарттар жасалған.

Университет ғалымдарының қызметін 22000-нан астам ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілер пайдаланады. Қазақстанның бес оңтүстік және оңтүстік-шығыс өңірінде университет 3-тен 5-ке дейін оқу-ғылыми-өндірістік орталықтарын (ОҒӨО) құрды, онда ауыл кәсіпкерлері біліктілігін арттыра алады, ал студенттер осы шаруашылықтарда практиканың барлық түрлерінен өтеді. ЖОО-дағы практика мерзімі 8 айға дейін ұзартылды. Жүргізілген мақсатты жұмыстың нәтижесінде түлектердің жұмысқа орналасу деңгейі 84 %-га жетті.

2013 жылды «Байсерке-Агро» ЖШС базасында құрылған оқу ғылыми-өндірістік орталығы білім, ғылым және өндіріс интеграциясының заманауи үлгісіне айналып, салыстырмалы қысқа уақыт ішінде оң нәтиже берді. «Орман питомнігі» РМК базасында отырғызу материалдарын өсіру бойынша, мал шаруашылығы кешенін, өсімдік шаруашылығын дамыту бойынша «Әміран» ЖШС базасында жаңа орталықтар құрылды.

Университет қаржы институттарымен: Азия, Дүниежүзілік даму банктерімен және т.б. тығыз байланыста. АДБ бірлесе отырып, Университетте Су хабы ашылған.

4.2. Ұжымның инновациялық әлеуетін бағалау

ҚазҰАУ инновациялық әлеуеті АӨК кәсіпорындарымен табысты ынтымақтастықтың, сондай-ақ ғылыми жобалар мен бағдарламаларға тиімді қатысадың негізі болып табылады.

2019 жылды университетте 51 ғылыми жоба орындалды, оның ішінде КР БФМ гранттары – 17, КР БФМ БМҚ – 1, КР АШМ БМҚ – 1, АШМ бірлесіп орындаушысы – 7, 019 бюджеттік бағдарламасы – 5, шаруашылық субъектілерімен шаруашылық келісімшарт – 2.


Ғылыми жобаларды қаржыландыру көлемі соңғы 8 жылда 3,3 есеге артты. 2018 жылды бюджеттен тыс қаржы 415,0 млн теңгені құрады. Бұл көрсеткіш 2011 жылмен салыстырғанда 148 есеге артты. Осылайша, ғылыми жобаларды қаржыландыру құрылымында 57,7 %-ы бюджеттен тыс қаржыландыруға тиесілі (12-сурет).



12-сурет. Ғылыми зерттеулерді қаржыландыру, млн теңге


Бұл ғалымдардың агрокүрілім субъектілерімен бірлесіп, ғылыми жобаларды көбірек орындағандағы бағағанын, алынған ғылыми нәтижелерді өндіріске неғұрлым көбірек енгізгенін көрсетеді.

Ғылыми зерттеулерді орташа қаржыландыру 1 ОПҚ-ға 1,0 млн теңгеден асады.



13-сурет. Мемлекеттік бюджеттен ғылыми зерттеулерді қаржыландыру, млн теңге

Мемлекеттік бюджеттен ғылыми жобаларды қаржыландыру көлемі 2018 жылы 2011 жылмен салыстырғанда 41,2 %-ға артты, бұл ретте 300,0 млн теңгеден астам қаражатты құрады (13-сурет). 2018 жылы оның көлемі алдыңғы жылмен салыстырғанда 28,2 %-ға артты. Ғылыми зерттеулерді қаржыландырудың жалпы көлемінен 45 % КР БФМ гранттарына келеді.



14-сурет. Бюджеттен тыс қаражаттан ғылыми зерттеулерді қаржыландыру, млн теңге


Ғылыми зерттеулерді қаржыландыру көлемінен бюджеттен тыс қаражаттан коммерцияландыруға 72,2 %, ғылыми жобалардың нәтижелерін енгізуғе 12,9 % келеді (14-сурет). Ғылыми жобаларға жас мамандар көп қатыса бастады.

2018 жылы ЖОО-да жұмыс істейтін 64 PhD докторы байқауға 40-тан астам ғылыми жоба тапсырды.

2016 жылдан бастап университет ғалымдары стартаптар жасай бастады. 2018 жылы стартаптарды қаржыландыру көлемі 300,0 млн теңгеге жетті, F3Ж нәтижелерін енгізу 53,8 млн теңгені құрап, 2014 жылмен салыстырғанда 3,6 есеге артты.



15-сурет. Ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелерін енгізу, млн тг



16-сурет. Ғалымдардың ғылыми жарияланымдары

Ғалымдар ғылыми жобалардың нәтижелерін әртүрлі мерзімді басылымдарда, оның ішінде жоғары импакт-факторы бар журналдарда жариялай бастады. 2019 жылы жарияланған мақалалардың жалпы саны 2011 жылмен салыстырғанда 51,8 %-ға артты (16-сурет). Thomson Reuters және Scopus (Elsevier) компаниясының деректер қорына кіретін шетелдік журналдарда жарияланған университеттің ОПҚ мақалалар саны осы кезеңде 220 есе артты.

2019 жылы ғылыми зерттеулердің қорытындысы бойынша ғалымдар 700-ден астам мақала жариялады және Университет ТМД-ның аграрлық жоғары оқу

орындары арасында Web of Science жарияланымдық белсенділігі бойынша Ғылым көшбасшысы атанды.

Төрт жетекші ғалым әл-Фараби атындағы ғылым мен техника саласындағы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығына және университеттің үш жас ғалымы мемлекеттік ғылыми стипендияға ие болды.

Іргелі, қолданбалы және іздестіру ғылыми-зерттеу, тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды ұйымдастыру мен жүргізу былайша жүзеге асырылады:

- 1) Агротехнологиялық хаб – Халықаралық аграрлық зерттеулер институты;
- 2) факультеттердегі 6 ғылыми-зерттеу институты;
- 3) кафедралар мен орталықтар жанындағы 31 зерттеу зертханасы;
- 4) азық-түлік қауіпсіздігі жөніндегі орталық;
- 5) инновациялық жылыштай;
- 6) «Агроуниверситет» оқу-тәжірибе шаруашылығы;
- 7) «Байсерке-Агро» оқу-ғылыми-өндірістік орталығы.

Университеттің ғылыми-зерттеу жұмыстарын ғылым басқармасы үйлестіреді, оның құрамында:

1) ҒЗЖ жоспарлау және үйлестіру;

2) жобаларды, ғылыми-техникалық ақпаратты сараптау;

3) ғылыми кадрларды аттестаттау және ҒЗЖ нәтижелерін коммерцияландыру кеңесі, сондай-ақ 6 ғылыми-зерттеу институты бар.

Сонымен қатар ҒЗТКЖ ғылыми инфрақұрылымын одан әрі дамыту, үйлестіру және жетілдіру мақсатында Университетте мыналар құрылған:

- 1) Қазақстан-Жапон инновациялық орталығы;
- 2) Су инновациялық орталығы (Су хабы);
- 3) Тамақ өнімдерінің технологиясы мен сапасының ғылыми-білім беру инновациялық орталығы;
- 4) Тұрақты егіншілік орталығы;
- 5) Инновациялық жылыштай;
- 6) Қазақстан-Корей инновациялық орталығы;
- 7) Қазақстан-Беларусь инновациялық агрономикалық орталығы;
- 8) Энергия үнемдеу және энергия тиімділігі орталығы;
- 9) З.Ж. Тамшыбаева атындағы инновациялық-консалтингтік орталық;
- 10) Н.Ә. Назарбаев Білім және ғылым орталығы.

Болашақта факультеттер жанынан 6 атаулы инновациялық ғылыми зертхана құрылады, олардың жетекшілері Қазақстан Республикасы ҰҒА академиктері болып табылады.

Өсімдіктерді микроклонды көбейту зертханасы, Сұт өнімдерінің референтті зертханасы және Ахуалдық орталық қайта қалыптасуда.

Дамыған ғылыми-инновациялық инфрақұрылым университетте зерттеулер жүргізуге және халықаралық деңгейде сұранысқа ие бәсекеге қабілетті кадрларды даярлауға мүмкіндік береді.

4.3. Еңбек нарығының өзгеру үрдістерін және кадрларға қажеттілікті болжау

Қазақстан Республикасының АӨК дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында ауыл шаруашылығы мамандықтарына гранттардың едәуір санының бөлінуіне қарамастан, ауыл шаруашылығы саласы жоғары білімі бар кадрлардың айтарлықтай тапшылығына тап болғаны атап өтілді.

Кадрлардың жетіспеушілігі, негізінен, агрономдар, ветеринар дәрігерлер, зооинженерлер, ауыл шаруашылығы өндірісінің инженер-механиктері, ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өндеу жөніндегі инженер-технологтар сияқты мамандықтар бойынша сезіледі.

ЖАО деректері бойынша АӨК субъектілерінің 80 %-ы мамандарға деген қажеттілікті бастаң кешуде. 13 мыңдан астам ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер басшыларының тек 12 %-ының ғана аграрлық бейіндегі жоғары және орта кәсіптік білімі бар.

Нәтижесінде ауыл шаруашылығы өнімдері өндірісінің деңгейі төмен. Орта есеппен ауыл шаруашылығында жұмыспен қамтылған бір адам 1,0 млн теңгеден артық өндіреді.

Ауыл шаруашылығының тиімділігі жоғары болуы және қосылған құны жоғары дайын өніммен экспортқа шығу үшін «қүшті кооперативтер» құру қажет. Кооперативтер түрінде ірі тауар шаруашылықтарын құру ірі өнеркәсіп кәсіпорындарында қолданылатындей, жоғары еңбекақы төленетін мамандардың мақсатты даярлығын арттыруға мүмкіндік берер еді.

Республикада тәуелсіздік жылдарында «Қазақстан Республикасындағы селолық тұтыну кооперациясы туралы» (1999 ж.), «Ауыл шаруашылығы серіктестіктері және олардың қауымдастықтары (одақтары) туралы» (2000 ж.), «Тұтыну кооперативі туралы» (2001 ж.), «Су пайдаланушылардың селолық тұтыну кооперативі туралы» (2003 ж.), «Ауыл шаруашылығы кооперативтері туралы» (2015 ж.) сияқты кооперация туралы бірқатар зандар қабылданды.

Кооперация өндірілген өнімді делдалдарсыз техникалық және технологиялық қайта жарақтандыру, қайта өндеу, сактау, тасымалдау және өткізу, сервистік қызмет көрсету жөніндегі міндеттерді шешуде шағын тауар өндірушілердің күш-жігерін біріктіруге мүмкіндік беретіні жалпыға мәлім, бұл бәсекеге қабілеттілікті арттырудың негізі болып табылады.

2019 жылдың 1 қаңтарына ҚР АШМ мәліметтері бойынша 2858 кооператив құрылды, олардың жалпы санының 41,2 %-ын 1179 мал шаруашылығы бағытындағы кооперативтер құрайды. Кооперативтерде 8513 адам жұмыс істейді. Ауыл шаруашылығы кооперативтері көрсеткен қызметтердің көлемі 2018 жылы 2,9 мың АҚШ долларын немесе ауыл шаруашылығы жалпы өнімінің барлық құнының 0,8 %-ын құрады.

Осылайша, ауыл шаруашылығы кооперативтерін құру ауыл шаруашылығы өнімдерінің көлемін арттыруға мүмкіндік берді деп айтуга әлі ерте.

Ауылда қалыптасқан жағдайдың басты себебі – кооперация бойынша нарықтық тетіктерді білетін кадрлардың болмауы. Бұл жұмысты тиімді жолға қоюға тиіс экономистер, бухгалтерлер, зангерлер ауылда жоктың қасы.

Ауыл шаруашылығы мамандықтары бойынша ЖОО тұлектерінің тек 55 %-ы ғана жұмысқа орналасады, оның ішінде ауылдық квота бойынша оқитындар – 43 %.

Ауыл проблемаларын шешуге ауыл жастарын тартудың нақты мүмкіндігі моральдық және материалдық қолдау жолымен олардың білімі мен қоғамдағы әлеуметтік жағдайының деңгейін арттыру болып табылады.

Елдің ауылдық жерлерінде 7,7 млн астам адам немесе халықтың 43 %-ы тұрады, оның ішінде 58 % немесе 4,5 млн адам экономикалық белсенді болып табылады. Оның ішінде 1,6 млн адам немесе 35 % – тұрақты жалақысы жоқ өзін-өзі жұмыспен қамтығандар есебінде. Халықтың бұл тобы өз балаларын жоғары оқу орындарында ақылы-шарттық негізде оқыта алмайды, ал мемлекеттік білім грантына өту балының жоғары болуына байланысты оқуға түсе алмайды.

Бұл туралы Қазақстанның жоғары оқу орындарына түсетін талапкерлердің ҰБТ нәтижелерін талдау куәландырады. 2019 жылы ҰБТ-ны 98698 адам тапсырды, оның 45945-і ауылдық жерлерден, яғни 46,5%-ды құрайды. 45945 адамның 30834-і немесе 67,1%-ы конкурсқа түсті.

Өз кезегінде конкурсқа қатысуышылардың ішінен 19780 адам конкурс бойынша өтті, бұл 64,1% құрайды, яғни 35,9% конкурс бойынша өткен жоқ. Осылайша, 2019 жылы 26,0 мыңдан астам адам немесе 57% ауыл балалары өту балын ала алмады немесе конкурс бойынша өтпеді деген қорытынды шығады.

2018 – 2019 оқу жылында жоғары білімді мамандарды даярлауға 53594 грант бөлінді. Магистрлерді даярлауға – 12504 грант, PhD докторларын даярлауға – 2240 грант бөлінді.

2018 – 2019 оқу жылында ауыл шаруашылығы және ветеринария мамандықтарына мемлекеттік тапсырыс бойынша бакалавриатқа 2297 орын бөлінді, бұл республика бойынша гранттардың барлық санының 4,3 % құрайды.

2019 жылы осы мемлекеттік тапсырыстың 37,4 % немесе 861 орынды Қазақ ұлттық аграрлық университеті игерді.

Құрылымдық тұрғыдан алғанда ауыл шаруашылығы мамандықтары мен ветеринарияға мемлекеттік тапсырыстың үлесі республика бойынша жыл сайын қысқарап бара жатқанын айта кету керек.

Мысалы, мемлекеттік тапсырыс құрылымында 2016 – 2017 оқу жылында осы мамандықтар үлесіне 7,1 %-дан, 2017–2018 оқу жылында - 5,7 %-дан, ал 2018 – 2019 оқу жылында 4,3 %-дан келді. Егер республикада 200,0 мыңдан астам агрокұрылым жұмыс істейтінін ескерсе, мұндай үрдіспен оларды жоғары білікті кадрлармен қамтамасыз өту үшін (*жылына бір шаруашылыққа 1 маман*) 100 жыл қажет болады.

Республикада үш бейінді ЖОО қатар 14 аграрлық мамандық бойынша кадрлар даярлау 22 ЖОО-да (оның ішінде 7 – жеке менишік) және 59 колледже жүргізіледі.

Қазақстанның тек үш жетекші ЖОО-да аграрлық мамандықтар бойынша 7,5 мыңға жуық білім алушы оқиды. Оның 70 % ҚазҰАУ-да оқиды.

Экономиканың аграрлық саласында кадрлардың талап етілмеуінің негізгі себептерінің бірі – жоғары білімді мамандарға лайықты жалақы бере алмайтын өндірістің ұсақ тауарлығы. Ұсақ шаруашылықтар жоғары білімі бар мамандарға лайықты жалақы бере алмайды.

Ауыл шаруашылығында жұмыспен қамтылған қызметкерлердің орташа жалақысы 2019 жылы 93,7 мың теңгені құрады, бұл республика бойынша орташа көрсеткіштен 42,4 %-ға төмен деп есептеледі, мұның өзі ауылдық жерлерде тұратын халықтың табыс деңгейінің төмен екенін күэландырады.

Жоғарыда айтылғандай, осы салада жұмыс істейтін бір қызметкерге орта есеппен 1,1 млн теңгеге өнім өндіріледі. Демек, ауылдық жерлерден шыққан студенттер үшін мемлекеттік тапсырыс құнының артуы 6569 ауыл мен 2267 ауылдық округтерде жұмыспен қамтылмаған жастар санының артуына алып келеді. Мысалы, 2019 жылы университетте ақылы-келісім шарт негізінде күндізгі бөлімге 393 адам, мақсатты даярлық бойынша 229 адам және сырттай оқу бөліміне 479 адам тұсті.

Шағын ауыл шаруашылығы құрылымдары өздері өндіретін өнімдердің бәсекеге қабілеттілігін арттыру, инновацияларды енгізу, халықтың денсаулығы үшін қауіпсіз тамақ өнімдерін жеткізу мәселелерін өз бетінше шеше алмайды және жоғары білікті мамандардың қызметтерін алу мүмкіндігінен айрылған.

Олардың көпшілігі жас мамандарды қалыпты әлеуметтік-тұрмыстық жағдайлармен, әлеуметтік пакетпен, лайықты еңбекақымен қамтамасыз ете алмайды. Осыдан жастардың ауылдық жерлерде жұмыс істеуге деген ынталының болмауы орын алып отыр.

Республикада «Дипломмен ауылға» мемлекеттік бағдарламасы қабылданды. Бұл бағдарламаға 2018 жылға дейін аграрлық мамандықтардан тек «Ветеринария» мамандығы енгізілген еді.

2018 жылы аталған бағдарлама аясында бекітілген мемлекеттік қолдауға үміткер мамандар тізімі кеңейту туралы шешім қабылданды. Енді агрономдар, балық өсірушілер, зоотехниктер мен фермерлер көтерме қаржыға және пайзы аз кредитке үміттene алады.

Ауылдық жерлерде кооперация мен интеграция процесін жеделдету қажет, өйткені бұл шаруашылықтарға инновациялық технологияларды енгізуге, өнім бірлігіне шаққанда өндіріс шығындарын азайтуға және олардың сапасын арттыруға, сондай-ақ өнім ассортиментін кеңейтуге (өндірісті әртараптандыру) мүмкіндік береді. Бұл барлық аграрлық мамандықтар бойынша жоғары білікті мамандарға сұранысты арттыруға мүмкіндік береді.

Мамандарды даярлауға мемлекеттік тапсырысты бөлу принципін қайта қарау қажет деп санаймыз. Облыс әкімдіктерінің өтінімдері бойынша ауыл шаруашылығы мамандықтары мен ветеринарияға, өндіріс орындарында сұранысқа ие мамандықтарға мақсатты гранттар бөліп, оқуды аяқтағаннан кейін 5 жылға дейін еңбекпен өтеу – онтайлы шешім болар еді.

Білікті кадрлар жоқ бейінді емес ЖОО-ларға гранттар көп кетеді. Нәтижесінде олардың даярлық деңгейі төмен болады. Денсаулық сақтау министрлігі мен Мәдениет және спорт министрлігі тәжірибеде іске асыратындей, ауыл шаруашылығы мамандықтарына арналған гранттарды білім беру-ғылыми инфрақұрылымы құрылған мамандандырылған аграрлық ЖОО (ҚазҰАУ, ҚАТУ, БҚТУ) бөлу ұсынылады.

Тағы бір мүмкіндік бар. 2019 жылы ИИДМБ аясында мамандарды даярлау аяқталады, осы секілді бағдарламаны агрономия, ветеринария, мал шаруашылығы

өнімдерін өндіру технологиясы, агроинженерия сияқты негізгі аграрлық мамандықтар бойынша тағы қабылдау үсінілады.

Қазақстандық аграрлық жоғары оқу орындары үшін түлектерді жұмысқа орналастыру бойынша Беларусь әріптестерінің тәжірибесі оң болып табылады.

2018 жылы үкіметаралық комиссия құрамында университет ғалымдары Беларусь Республикасы мен Қазақстан Республикасының жоғарғы оқу орындары, ФЗИ арасындағы ғылыми-білім беру консорциумы қызметін үйлестіру жөніндегі жұмыс комиссиясының VI отырысының жұмысына қатысты.

Консорциум шеңберінде ҚазҰАУ қызметкерлері Беларусьтің мынадай жетекші аграрлық университеттеріне: Беларусь мемлекеттік ауыл шаруашылық академиясы, Беларусь мемлекеттік аграрлық техникалық университет, сондай-ақ, ірі тауарлы шаруашылықтар, өндеуші кәсіпорындар, ауыл шаруашылығы машиналары мен құрал-жабдықтарын шығарушы және жинақтаушы зауыттарға және т.б. барды.

ҚазҰАУ делегациясы ЖОО оқытушыларымен кездесіп, проблемалық дәрістер оқыды. Беларусь әріптестерімен елдеріміздегі АӘК дамытудың өзекті мәселелері, сондай-ақ мамандарды даярлау және жұмысқа орналастыру бойынша пайдалы пікір алmasу өтті.

Мысалы, Беларусь мемлекеттік ауыл шаруашылығы академиясында мақсатты дайындық бойынша оқыған түлектер өндірісте – 5 жыл, ал мемлекеттік тапсырыс бойынша – 2 жыл еңбекпен өтейді. Енді Қазақстанда да еңбекпен өтеу занды түрде бекітілген.

Белоруссияда жоғары оқу орындарын бітіргеннен кейін түлектер университетте оқу кезінде практиканың барлық түрлерінен өткен шаруашылықтарға жұмысқа жіберіледі. Өз кезегінде, шаруашылықтар жас мамандар үшін тиісті әлеуметтік жағдайлар жасайды: тұрғын үймен қамтамасыз етеді, мамандардың балаларын балабақшаға, мектепке және т.б. орналастырады. Министрлікте өз тарапынан өндірісте жас мамандар үшін агрокұрылымдармен әлеуметтік жағдай жасау бойынша тұрақты мониторинг жүргізеді.

ҚР АӘК үшін мамандарды даярлау мәселесін шешудің тағы бір жолы – ҰБТ-ның республика бойынша орташа балмен салыстырғанда аграрлық мамандықтарға түсушілердің орташа балын төмендету.

Ағымдағы жылы студенттерді қабылдау арқылы ауыл шаруашылығы мамандықтары мен ветеринария бойынша гранттарды бөлу іс жүзінде өзгермегені белгілі болғанын атап өткен жөн.

Жоғарыда аталған проблемаларды шешу экономиканың аграрлық саласы үшін жоғары білікті мамандарды даярлау санын ұлғайтуға, ҚР АӘК еңбек өнімділігін 2,0-2,5 есеге арттыруға және бәсекеге қабілетті, экспортқа бағдарланған ауыл шаруашылығы өнімдерін шығаруды ұлғайтуға мүмкіндік береді.

Өз кезегінде, университет АӘК үшін кадрлар даярлау сапасын жақсарту бойынша барлық қажетті шараларды қабылдауда. Ол үшін университеттің білім беру процесіне түбегейлі өзгерістер жүргізілді және барлық мамандықтарға агробизнесі ұйымдастыру, кәсіпкерлік қызметті басқару, жобаларды басқару, биоэкономика, биоинформатика, «Ауылшаруашылық және биоресурстар» және

«Ветеринария» мамандықтары бойынша – молекулалық биология негіздері және т. б. пәндер енгізілді.

АгроХаб жаңында агробизнесі стратегиялық зерттеу орталығы құрылды, онда студенттер екінші курстан бастап агрокұрылымдардың нақты деректерімен бизнес-жоспарлар жасауды үйренеді.

1) персоналды басқару тиімділігін арттыру үшін HR және KPI жүйелері енгізілген;

2) шақырылған шетелдік ғалымдар, F3И ғалымдары және өндіріс өкілдері кафедра штатының 20% құрайды;

3) 7 университетпен қос диплом бағдарламасы жүзеге асырылуда;

4) ЖОО ауыл шаруашылығы ғылымдары, ветеринария және қызметтер көрсету бойынша республикалық оқу-әдістемелік кеңес болып табылады;

5) ҚР АӨК цифrlандыру бойынша ахуалдық орталық құрылды;

6) білім алушыларды практикалық даярлау мерзімі 8 айға дейін ұзартылды;

7) Магистранттар мен докторанттарды даярлау, негізінен ҚР АШМ F3И ғалымдарымен бірге жүргізіледі;

Ауыл кәсіпкерлерінің біліктілігін арттыру үшін университетте мемлекеттік-жеке меншік әріптестікті дамыту департаменті жұмыс істейді. Департамент құрамына фермерлердің жоғары мектебі кіреді, оның қызметі ауылдық тауар өндірушілерге тәжірибелік көмек көрсетуге бағытталған.

Университет ғалымдары үнемі өнірлерге шығып тұрады, ауыл шаруашылығы кәсіпкерлерімен оларға тәжірибелік көмек көрсету мәселелері бойынша кездесіп, аграрлық сектордың барлық мәселелері бойынша, атап айтқанда, цифrlандыру бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізеді.

Қазақстанның барлық өнірлерінде қолда бар ірі агрокұрылымдар, қайта өндеу кәсіпорындары, Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталықтары базасында әрбір пилоттық ауданда ел экономикасының аграрлық секторы үшін мамандар даярлаудың барлық бағыттары бойынша 5-тен 10-ға дейінгі оқу-ғылыми-өндірістік орталықтар құрылды.

Мұнда ауыл кәсіпкерлеріне консалтингтік қызмет көрсету, білімді Экстеншиарқылы тарату және беру үшін ақпараттық-консультациялық қызмет орталықтары құрылды.

5. Бағдарламаның пайымы

Бағдарламаның мақсаты ҚазҰАУ базасында «Назарбаев Университеті» ДБҰ ұлгісінде әлемдік деңгейдегі ұлттық зерттеу университетін құру болып табылады.

Өзіміздің инновациялық дамуымызда аграрлық мамандықтар бойынша QS әлемдік рейтингінде № 1 жоғары оқу орны болып табылатын Вагенинген (Нидерланды) зерттеу университетінің тәжірибесіне бағдарланамыз.

ҚазҰАУ базасында «Өсімдіктер туралы ғылым» және «Тағам технологиясы» екі білім беру бағдарламасы бойынша Вагенинген институтын құру туралы бірлескен шешім қабылданды. Әр бағдарламаға елден шықпай-ақ, ағылшын тілінде сапалы білім алатын 50 студентті қабылдауды іске асыру жоспарлануда. Мұндай

бірлескен оқыту жыл сайын халықаралық стандарттарға сәйкес келетін және еңбек нарығында сұранысқа ие 100 маман даярлауға және жинақталған тәжірибелі еліміздің басқа жоғары оқу орындарына таратуға мүмкіндік береді.

Алдын ала есептеулер студенттер даярлаудың құны әлемнің жетекші ЖОО-ға қарағанда 3,5 есе арзан болатынын көрсетеді. Шығыс Финляндия университетімен де осындай жұмыстар жүргізілуде, ал Огайо штатының университетімен (АҚШ) бірге оның филиалын ҚазҰАУ базасында ашу жоспарланған.

Әлемдік деңгейдегі зерттеу университетінің бағдарламасында «Жетістік факторлары» – ғылыми таланттар, қажетті ресурстар мен тиімді менеджмент ескерілген. Біз оқу процесі ғылыми зерттеулерге негізделген зерттеу типіндегі ЖОО моделін таңдадық.

Жоғары оқу орнының трансформациясы үш аспект: адамдар, процестер мен технологиялар бойынша жүргізіледі.

Бірінші аспект – адамдар. Ғылыми жобаларды орындайтын оқытушы-зерттеуші және агрокұрылымдарға консалтингтік қызмет көрсететін оқытушы-кеңесші лауазымы енгізілді. Шет елдерден келген ғалымдар, FЗИ және өндіріс өкілдері университеттің ОПК штатының 20%-ын, кафедра менгерушілерінің 57%-ын жас PhD докторлары құрайды. Жобалар портфелі қалыптастырылды: таланттарды басқаруды енгізу, көшбасшылықты бағалау және дамыту, лауазымдарды объективті грейдерлеу, ашық конкурстық іріктеу, мақсаттар бойынша бағалау және KPI, адам ресурстарын басқару жүйесін автоматтандыру.

Екінші аспект – қаржылық және бизнес-процестерді дамытуды, ғылым мен өндірісті ықпалдастыруды, ғылыми зерттеулер нәтижелерін коммерцияландыруды көздейтін «процестер».

Үшінші аспект – «технологиялар» өлшемінде IT-шешімдер мен оқытудың жаңа форматы шешуші нәтижелер болады. Университетті трансформациялауға келетін болсақ, цифрлық технологиялар дәүірі барлық оқу орындарын басқарудың ішкі корпоративтік модельдерін, сондай-ақ оқу процесінің құралдарын қайта қарауға итермелейді. Университет корпоративтік басқару жүйесін цифрлық трансформациялау аясында екі негізгі бағытты анықтады.

Біріншісі, басқарудың бірынғай экожүйесін құру: мемлекеттік және жергілікті атқарушы басқару органдарымен, жоғары оқу орындары мен колledgeрмен ашық және үздіксіз өзара іс-қимылды (оның ішінде коммуникация) жолға қою.

Екіншісі, қазіргі заманғы оқу процесін құру: заманауи интерактивті әдістер мен құралдарды пайдалану, тек мемлекеттік кәсіпорындарды ғана емес, жеке бизнесі де тарта отырып, теориядан практикаға көшуді қамтамасыз ету.

Жоғары оқу орнының таяу арадағы міндеті – университеттің негізгі бизнес-процестерін автоматтандыру және менеджмент тиімділігінің жаңа деңгейіне көшу.



17-сурет. Зерттеу университетінің моделі

Құрылған Агротехнологиялық хабарқылық экономикаға зияткерлік қызмет нәтижелерінің трансферін үйімдастыруға басты назар аударылады (17-сурет).

6. Бағдарламаның миссиясы

Университеттің мақсатты модель мен даму стратегиясы – инновациялық үлгідегі зиялды жоғары оқу орны, Қазақстанның аграрлық секторының, Орта және Орталық Азияның: экономиканың нақты секторымен өзара іс-қимыл жасай отырып, халықаралық стандарттар деңгейінде ғылыми-білім беру процесін жүзеге асыратын және түлектердің әлемдік еңбек нарығында бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ететін; QS агенттігінің әлемдік рейтингінің 300 жоғары оқу орны қатарына енген; агроөнеркәсіптік кешендегі инновациялар негізінде білімнің, ғылымның және өндірістің интеграциясын, білім алушылар мен ОПК үтқырлығын қамтамасыз ететін; Қазақстанның аграрлық ғылымында жаңа білім қалыптастыруши; адам капиталын дамыту үшін жағдай жасауға кепілдік беретін көшбасшысы.

Университет дамуының басымдықтары: материалдық емес активтерді дамыту; аграрлық ғылыми-өндірістік консорциумға қарқынды ықпалдасу; халықаралық ғылыми-білім беру кеңістігіне серпінді кіру; білім беру және ғылыми инфрақұрылымды дамыту; білім алушылардың дәлелді контингентін қалыптастыру.

Университет мақсаты: елдің ғылыми-техникалық және әлеуметтік-экономикалық даму басымдықтарына сәйкес университеттің ғылыми-зерттеу және инновациялық қызметін дамыту, білім беру сапасын, материалдық-техникалық базаны арттыру, түлектің жоғары мәдени, әлеуметтік-жауапты тұлғасын қалыптастыру.

Мақсаттар жүйесі: ғылыми зерттеулер деңгейін әлемдік деңгейге дейін көтеру; аграрлық білімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыру; агробизнес

құрылымдарымен тығыз ынтымақтастық; университетті ұлттық зерттеу университетіне айналдыру; ресурстарды тиімді басқару; ЖОО-ның әлеуметтік маңызы мен жауапкершілігін арттыру; білім алушылардың, жұмыс берушілердің қажеттіліктерін қанағаттандыру және «өмір бойы білім беру» қағидатын іске асыруды қамтамасыз ету.

Қазақ ұлттық аграрлық университетіндегі миссиясы: агроенеркесіп кешені мен әлемдік ғылыми-білім беру кеңістігінде сұранысқа ие бәсекеге қабілетті мамандарды қалыптастыру үшін, сондай-ақ әлеуметтік-бағдарланған, жоғары мәдениетті және төзімді тұлғаны дамыту үшін жағдай жасау.

Университет құндылықтары: университеттің полифункциялы болуы немесе заманауи білім трансфертің жасау және қамтамасыз ету қабілеті; ғылыми дәрежесі бар мамандарды даярлауға арналған жүйенің болуы, оның ішінде магистранттар мен докторанттар саны студенттер санынан асқан жағдайда; университет қызметінің ғылыми зерттеулер мен әзірлемелерге, ең алдымен қолданбалы зерттеулерге инновациялық бағытталуы; жаратылыстану, әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдарды қоса алғанда, магистратура мамандығы шенберінде білім траекторияларын әзірлеудегі дербестік; конкурстық негізде жұмысқа қабылданған, оның ішінде халықаралық деңгейдегі оқытушылардың жоғары көсіби деңгейі; тұрақты және уақытша жұмысқа әлемнің әртүрлі елдерінен жетекші мамандарды шақыру мүмкіндігінің болуы; ақпараттық ашықтықтың жоғары дәрежесі және ғылым мен білім берудің халықаралық кеңістігіне интеграциялануы; әлемдік тәжірибеле сезімталдық және ғылыми зерттеулердің жаңа бағыттары мен оқыту әдістемесіне қатысты икемділік; студенттерді қабылдау кезіндегі байқау тәсілі; университетте агротехнопарк, хайтек-алаңдар, бизнес-инкубаторлар, инновациялық зертханалар мен жылышайлар және басқа да құрылымдар сияқты мамандандырылған ғылыми-техникалық және экономикалық аймақтарды қалыптастыру; университет алдында тұрған өзекті міндеттерді шешуде қызметкерлерді ойлауға және шығармашылық тәсілге ынталандыру; қызметкерлер мен білім алушылардың ашықтығы мен өзара түсіністігін қамтамасыз ететін корпоративтік мәдениет; университеттің көпжылдық дәстүріне негізделген ұрпақтар сабактастығы; нәсілдік, этникалық, діни, гендерлік және саяси кемсітушіліктің болмауынан көрінетін жеке бас бостандығы; елдің ұлттық жоғары оқу орындары, жалпы әлемдік ғылыми және білім қоғамдастығы арасында көшбасшылыққа үмтүлу.

7. Бағдарламаның стратегиялық блогы

7.1. Қазақстанның жоғары және жоғары оқу орынан кейінгі білім беру жүйесіндегі ҚазҰАУ-дың орны мен рөлі

ҚазҰАУ 9 халықаралық және Ұлттық рейтингте лайықты орын алады. QS World University rankings рейтингінде университет екінші жыл қатарынан әлемнің жоғары оқу орындары арасында 651 және қазақстанның жоғары оқу орындары арасында 6-шы орынды иеленіп отыр.

Webometrics (CybermetricsLab) - әлемнің жоғары оқу орындары арасында 6195-орын және қазақстанның жоғары оқу орындары арасында 12-орын.

GreenMetric рейтингінде – әлемнің жоғары оқу орындары арасында 357-орын

және қазақстандық жоғары оқу орындары арасында 3-орын алады.

QS Eeca University Rankings рейтингінде – 96-орын.

Университеттің білім беру бағдарламалары білім беру сапасын қамтамасыз ету жөніндегі тәуелсіз агенттік (БСҚТА), Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі (НААР), Республикалық рейтинг агенттігі (РРА) және «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасы сияқты ұлттық рейтингтерге үнемі қатысады.

2019 жылы БСҚТА рейтингі бойынша Қазақстанның үздік техникалық ЖОО арасында Satbayev University (Қ.И. Сәтпаев атындағы ҚазҰТЗУ) (95,78), Қазақстан-Британ техникалық университеті (91,90), Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті (89,37) сияқты университеттерден кейін 76,35 қорытынды ұпаймен IV орын алды.

Институционалдық рейтинг нәтижелері бойынша ҚазҰАУ мынадай номинациялармен және сертификаттармен марапатталды: «Оқытушылық-профессорлық құрамның сапасы бойынша көшбасшы», «Студенттер құрамының сапасы бойынша көшбасшы».

2019 жылы мамандар даярлау бағыттары бойынша РРА агенттігінің ЖОО институционалдық рейтингінде: «Қазақстан 2050 – Инновациялар және академиялық үстемдік бойынша ұлттық рейтингінде» «Ауыл шаруашылығы ғылымдары» бағыты бойынша ҚазҰАУ С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінен (79,5) озып, 1-орын (90,1 ұпаймен) иеленді.

2019 жылы тәуелсіз ұлттық рейтингте Қазақстанның 59 ЖОО қатысты. Университет үш деңгейлі даярлық бойынша 14 білім беру бағдарламасы бойынша қатысты: ауыл шаруашылығы ғылымдары, ветеринария, жаратылыстану ғылымдары және көрсетілетін қызметтер. 2019 жылғы АРТА рейтингінің нәтижелеріне жүргізілген талдау көрсеткендей, ҚазҰАУ базалық ауыл шаруашылығы білім беру бағдарламалары бойынша жүлделі орындарға ие болды.

Базалық білім беру бағдарламалары 2018 және 2019 жылдар рейтингінде білімнің 3 деңгейі бойынша бірінші орында тұр: топырақтану және агрохимия, жеміс-кекөніс шаруашылығы, өсімдіктерді қорғау және карантин, ветеринарлық медицина, ветеринарлық санитария.

Университеттің агрономия, мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы, балық шаруашылығы және өнеркәсіптік балық аулау, су ресурстары және суды пайдалану, аграрлық техника және технология, орман ресурстары және орман шаруашылығы, ауыл шаруашылығын энергиямен қамтамасыз ету, жерге орналастыру секілді базалық білім беру бағдарламалары білім берудің жекелеген деңгейлері бойынша, негізінен магистратура, С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетіне жол беріп, 2-3-орындарды иеленді.

ARTA агенттігі Хирштың жоғары көрсеткішіне ие болған Қазақстанның ТОП-50 ғалымын анықтады. ОПҚ-2019 рейтингінің нәтижелері бойынша «TOP-50» құрамына ҚазҰАУ 10 ғалымы кірді.

6-кесте. ҚР ТОП-50 (ARTA) құрамына кірген ҚазҰАУ ОПҚ рейтингі


Орын	Оқытушы	Рейтингтегі орны	Балл
------	---------	------------------	------

1	Дамир Миқдатович Хусаинов	17	3550
2	Нұрлан Нұрлдинұлы Ахметсадықов	29	2550
3	Гүлнар Сабырқызы Шабдарбаева	38	2000
4	Қайсар Қазыбайұлы Табынов	40	1900
5	Айжан Илияскызы Балғымбаева	45	1650
6	Айгүл Ізтілеуқызы Әбугалиева	46	1600
7	Абылай Рысбайұлы Сансызбай	46	1600
8	Әсем Серікқызы Ибажанова	49	1450
9	Гүлнар Елдесбайқызы Тұрганбаева	49	1450
10	Абай Оразұлы Сағитов	49	1450

2019 жылды АРТА рейтингінің нәтижесі бойынша бірінші орынды 7 – бакалавриат, 6 – магистратура, 11 – докторантуралың білім беру бағдарламалары иеленді (7-кесте, 18-сурет).

7-кесте. 2018 – 2019 оқу жылдардағы АРТА рейтингі бойынша жиынтық деректер

Орын	2018 жыл			2019 жыл		
	Бакалавриат	Магистратура	Докторантура	Бакалавриат	Магистратура	Докторантура
I	7	6	11	6	6	11
II	4	4	1	6	5	1
III	2	1	1	1	1	1



18-сурет. АРТА 2018, 2019 жылдардағы білім беру деңгейлері бөлінісінде білім беру бағдарламалары бойынша жүлделі орындардың серпіні


2019 жылды КР ЖОО-ның рейтингінде ҚазҰАУ мамандарды даярлау бағыттары бойынша Ауыл шаруашылығы және ветеринария ғылымдары бойынша I орынды және жаратылыстану ғылымдары бойынша X орынды, қызметтер көрсету бағыты бойынша IX орынды иеленді.

Университет 2019 жылды КР жоғары оқу орындарының институционалдық рейтингінде V орынға ие болып, КР жоғары оқу орындарының ТОП-20 қатарына енді.

2019 жылдың ақпан айында БСҚБТА ҚР жоғары оқу орындарының Бас рейтингін және ББ топтары бойынша білім беру бағдарламаларының рейтингін іске қосты. Аталған рейтингке университеттің ББ алты тобы бойынша 14 білім беру бағдарламасы қатысты: техникалық ғылымдар – 1, техникалық ғылымдар – 2, тамақ өнеркәсібі, ауыл шаруашылығы ғылымдары, ветеринария, қызметтер көрсету.

2017 жылы Қазақстанда алғаш рет жаңа рейтинг – «Қазақстан 2050 – инновация және академиялық сарапау бойынша ұлттық рейтинг» басталды.

2019 жылы РРА агенттігінің рейтингіне дайындықтың үш деңгейі бойынша (*бакалавриат, магистратура, докторантура*) 10 білім беру бағдарламасы қатысады (19-сурет).



19-сурет. Білім беру бағдарламалары бойынша 2019 жылдардағы РРА бойынша білім беру деңгейлері бөлінісінде жүлдеді орындардың серпіні

2017 – 2018 оқу жылынан бастап ҚазҰАУ Атамекен ҮКП рейтингіне қатысады. 2018 – 2019 оқу жылында бакалавриат білім беру деңгейінің 34 бағдарламасы қатысты.

Оқытушылардың, кафедралардың, факультеттердің қызметін бағалаудың рейтингтік жүйесі толығымен енгізілген және университетте алты жыл бойы табысты жұмыс істеп келеді.

Кейіннен университет өзін Қазақстан Республикасының жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесінде әлемдік деңгейдегі университет позициясынан көреді.

7.2. Академиялық саясат

Академиялық саясат ғылыми кеңестің 2018 жылғы 27 қарашадағы №4 шешімімен бекітілген және университеттің стратегиялық мақсаттарымен, миссиясымен, пайымымен айқындалады.

Академиялық саясат білім беру қызметін жоспарлау мен басқаруға және білім беру сапасын арттыруға бағытталған оқу процесін тиімді ұйымдастыру жөніндегі шаралар, ережелер мен рәсімдер жүйесін білдіреді.

Академиялық саясатта:

- 1) оқу процесін жоспарлау және ұйымдастыру принциптері;

2) білім алушылардың білімін бақылау мен бағалаудың әртүрлі нысандарын жүргізу тәртібі;

3) практиканың барлық түрлерін ұйымдастыру және білім алушылардың оны ету тәртібі;

4) білім алушыларды ауыстыру, қайта қабылдау, оқудан шығару тәртібі;

5) қорытынды аттестаттауды өткізу тәртібі және т. б. айқындалған.

Саясат оқу процесін ұйымдастыруға және кредиттік оқыту технологиясы бойынша білім беру бағдарламаларын іске асыруға қатысатын университеттің барлық бөлімшелеріне арналған.

Академиялық саясаттың міндеттері:

1) жаңа формациядағы жоғары білікті кадрларды даярлау;

2) білім, ғылым және өндіріс интеграциясын қамтамасыз ету;

3) халықаралық білім беру кеңістігіне интеграциялануды қамтамасыз ету;

4) оқытуудың инновациялық технологияларын енгізу;

5) білім сапасын ішкі және сыртқы қамтамасыз ету жүйесін құру;

6) академиялық ұтқырлықты дамыту;

7) студент-орталықтандырылған оқытууды дамыту;

8) білім алушылардың білімін бағалау және оқытудағы парасаттылықты дамыту.

Жоғары академиялық стандарттарды қолдау және сапаны ішкі бақылауды қамтамасыз ету мақсатында ҚазҰАУ Академиялық адалдық лигасына кірді.

Білім алушыларда тиісті мәдениетті қалыптастыру үшін сыйайлар жемқорлыққа қарсы «Саналы ұрпақ» және Жастар орталығы атты технологиялар алаңы құрылды.

7.3. Инновациялық әлеуетті дамыту және оған қол жеткізу

Университеттің инновациялық әлеуетін дамыту ғылым мен бизнестің өзара іс-қимылдының жаңа тетіктерін әзірлеуге, ғылыми зерттеулердің нәтижелілігін арттыруға, оларды іс жүзінде іске асыруға, АӨК-ге ғылымды қажетсінетін технологияларды енгізуді қамтамасыз етуге және кәсіпкерлік секторды ғылыми жобаларға қатысуға ынталандыруға бағытталған.

Ғылыми-зерттеу, тәжірибелік-конструкторлық іргелі, қолданбалы және іздестіру жұмыстарын ұйымдастыру мен жүргізуді: Халықаралық аграрлық зерттеулер институты – Агротехнологиялық хаб; факультеттер жанынан құрылған 6 атаулы инновациялық ғылыми зертханалар; кафедралар мен орталықтардағы 31 зерттеу зертханалары; тағам қауіпсіздігі орталығы; инновациялық жылышай; «АгроУниверситет» оқу-тәжірибелік шаруашылығы; «Байсерке-Агро» оқу-тәжірибелік шаруашылығы жүзеге асырылады.

Басшылары Қазақстан Республикасы ҰҒА академиктері болып табылатын факультеттер жанынан 6 инновациялық атаулы ғылыми зертханалар құрылуда. Ғалым-кадрларды даярлау үшін университетте мыналар ашылған және қызмет етеді:

1) Азық-түліктің физикалық-химиялық қасиеттерін және топырақтың, су мен шикізаттың экологиялық сапасын талдау зертханасы;

2) «Жасыл биотехнология және жасушалық инженерия» зертханасы;

- 3) «Табиғи ресурстарды және агроэкокүйенің тұрақты дамуын басқару» зертханасы;
- 4) Техникалық микробиология зертханасы;
- 5) Тағам өнімдерінің технологиясы, сапасы және қауіпсіздігі зертханасы;
- 6) Тағам өнімдерінің физикалық-химиялық және реологиялық қасиеттері зертханасы;
- 7) Топырақты және қоршаған ортаны кешенді талдау зертханасы.

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің Аграрлық мәселелер жөніндегі комитетінің ұсынымы бойынша «АӨК саласында кадрлар даярлау және ауыл шаруашылығы өндірісіне IT-технологияларды енгізу мәселелері» тақырыбына арналған көшпелі отырыс қорытындысы бойынша, сондай-ақ ҚР Үкіметінің шешімімен ҚазҰАУ базасында мынадай инновациялық ғылыми-білім беру зертханалары құрылуда: машина сынау станциясы бар Қазақстан-Беларусь агротехнологиялық орталығы; Сүт өнімдері бойынша референттік зертхана; Өсімдіктердің микроклонды көбею зертханасы; АӨК мәселелері жөніндегі ахуалдық орталық; «Агротехнопарк», демонстрациялық өрістері мен дақылдық жайылымдары бар «Көрсеткіштік ферма» өнірлік оқыту орталығы.

Сондай-ақ Қазақстан Республикасының агроенеркәспіттік кешенін дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыруға байланысты жобалар мен іс-шараларға ҚазҰАУ су хабын енгізу туралы шешім қабылданды.

Жас ғалымдардың мүдделерін білдіру, ғылыми-зерттеу жұмысында олардың қызметін қолдау, ҚР АӨК өзекті ғылыми мәселелерін шешу үшін олардың күшін біріктіру, ҚазҰАУ-да жас ғалымдардың инновациялық қызметін дамыту үшін жас ғалымдар кеңесі (ЖФК) жұмыс жасайды. Жас ғалымдар кеңесі 35 жасқа дейінгі магистранттар, докторанттар және жас ОПК қатарынан құрылған Жас ғалымдардың ғылыми қызметін үйлестіретін консультативтік-кеңесші орган болып табылады.

Қазақстан Республикасының Тұнғыш Президенті – Елбасы Қорының Ғылым жөніндегі кеңесінің конкурстық комиссиясының шешімімен ҚазҰАУ жас ғалымдар кеңесі 2018 жылы Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындары арасындағы үздік жас ғалымдар кеңесі болып танылды әрі 400 мың теңге көлемінде сыйақы алды.

Университетте жастардың стартап жобалары табысты жұмыс істеуде: Flyworx – ауыл шаруашылығы жерлерін дрондарды қолдана отырып қашықтан зондтаумен айналысады; GreenPoint Marketing – маркетингтік зерттеулер жүргізеді; UrbanGreen – қала типтес инновациялық жылдыжайлармен айналысады; DragonFly – дрондарды пайдалану мүмкіндіктеріне және оларды құрастыруға үйретеді; «Айболит» жедел ветеринарлық жәрдем; экологиялық акваөсіру, экопробиотиктер құру және т. б.

Білім алушылардың интеллектуалдық әлеуетін қалыптастыру және шығармашылық бастамаларын дамыту мақсатында жазғы және қысқы магистрлік мектептер өткізіледі.

Мектептер шенберінде негізгі мақсаттары мыналар болып табылатын конкурстар өткізіледі: АӨК үшін кадрлар даярлау процесінде ғылыми

зерттеулердің рөлін күшету; кәсіпкерлік дағдыларын ынталандыру және дамыту, талантты және дарынды инновациялық ұсыныстар мен студенттердің, магистранттар мен докторанттардың идеяларын қолдау; өнертапқыштық және кәсіпкерлік саласында жас мамандардың кәсіби және жеке дамуына жәрдемдесу; отандық және шетелдік жоғары оқу орындары, білім алушылар мен жұмыс берушілер арасындағы ұшжақты қарым-қатынасты дамытуға жәрдемдесу; бизнес-инкубациялау арқылы үздік жобаларға жәрдемдесу.

Ашық конкурсқа халықаралық қысқы және жазғы мектепке қатысушылардың мына бағыттар бойынша инновациялық идеялары ұсынылады:

- 1) су ресурстарын басқару;
- 2) жасыл экономика;
- 3) ауыл шаруашылығындағы инновациялық технологиялар мен техникалық қуралдар;
- 4) табиғи ресурстарды басқару;
- 5) өсімдік шаруашылығындағы агроЭнновация;
- 6) ветеринария
- 7) мал шаруашылығындағы өндіріс технологиясы;
- 8) тағам қауіпсіздігі және биотехнологиялар.

ФЗЖ нәтижелерін коммерцияландыру саласында университет ҚР БФМ «Технологияларды коммерцияландыру орталығы» ЖШС тапсырысы бойынша 41,0 млн.тәңге сомасына 2 жобаны орындауды аяқтады.

Бірінші жоба – «Шанқанай кен орны цеолиттерінің негізінде құс шаруашылығына арналған функционалдық жем қоспаларын өндіру технологиясы және эксперименттік зерттеу». Функционалдық азық қоспаларын өндіру бойынша жана технология өнеркәсіптік құс шаруашылығына енгізілетін болады.

Екінші жоба – «Астық жинайтын комбайнды бастыру өнімдерін магнитті ынталандыруға арналған әмбебап модуль». Әзірленген технологияның артықшылығы – тұқымның өнімділігін 20 %-ға арттыру, сақтау мерзімін 40 %-ға дейін арттыру, өнімнің биологиялық құндылығын арттыру және экологиялық таза өнім алу.

2016 жылы «Өнімді инновацияларды ынталандыру» байқауы бойынша ҚР БФМ Ғылым комитетінің аға және кіші қызметкерлері топтарына арналған гранттар бағдарламасы бойынша ҚазҰАУ қызметкерлері 230 млн. тәңге сомасына «Инновациялық технология бойынша бие және түйе сүтінің құрғақ ұнтағынан лактоферрин өндірісін ұйымдастыру» коммерцияландыру жобасын ұтып алды (*жоба жетекшісі – профессор А.Д. Серікбаева, бизнес-серіктес – 10 млн тәңгеге қоса қаржыландыратын «LFCompany» ЖШС*).

ҚР БФМ Ғылым комитеті «Ғылым қоры» АҚ өткізетін ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру жобаларын гранттық қаржыландыру конкурсында 2016 жылы университеттің 2 жобасы женіске жетіп, сәтті орындалуда:

151,4 млн тәңге сомасына «Ет пен ет-өсімдік консервілерінің өндірісі үшін түйе етін қайта өңдеудің ресурс үнемдеуші технологияларын енгізу» (жетекшісі – профессор Ж. Сүлейменова, бизнес-серіктес – 7,5 млн тәңгеге қоса қаржыландыратын «Күн нұры» ЖШС);

300 млн теңге сомасына «Халықаралық стандарттарға сәйкес жергілікті экологиялық таза жем-шөп негізінде өсірілген балықтан органикалық өнімдер (тиляпия, африкалық кларии жайыны және т. б.) өндіру» (жетекшісі-профессор Сәрсембаева Н., бизнес-серіктес – 30 млн теңгеге қоса қаржыландыратын «Tengryfish» ЖШС). Осы жобалардың негізінде стартаптар құрылды.

2017 жылды университеттің Ғылым департаменті «Ұлттық аграрлық ғылыми-білім беру орталығы» КеАҚ каталогына 40 жобаны дайындаған, енгізді және ҚР БФМ «Ғылым қоры» АҚ коммерцияландыру үшін 43 әлеуетті жобаны ұсынды.

Алматы қаласының 2020 жылға дейінгі даму бағдарламасына енгізу үшін университет ғалымдары 40-тан астам жобаны ұсынды, олар негізделген, негізгі міндеттер, талап етілетін материалдар, ресурстар, оларды шешу мерзімдері мен жолдары анықталған. ҚазҰАУ мен «Алматы қаласының Ауыл шаруашылығы және ветеринария басқармасы» КММ арасында Өзара ынтымақтастық туралы меморандум жасалды. Тараптар мал шаруашылығы және ветеринария, өсімдік шаруашылығы және өсімдіктерді қорғау, экология мәселелері бойынша қолдау көрсетіп, ынтымақтастықты дамытатын болады.

Алматы, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан, Қызылорда, Шығыс Қазақстан және Ақтөбе облыстарының конкурстарына енгізу мақсатында 019 бюджеттік бағдарламасы бойынша жобалар қатыстырылды. 2014 – 2015 жылдары 10 млн теңге сомасына, 2016 жылы 12 млн теңге сомасына жобалар орындалды. 2017 жылды Қызылорда және Ақтөбе облыстарының шаруашылықтарында 5 жоба бойынша 21,88 млн теңгеге жобалар енгізілді.

Алматы облысында жергілікті өсімдік шикізатынан қаржыландыру көлемі 10 млн. теңге көлемінде биологиялық белсенді жем-шөп қоспаларын өндіру технологиясын енгізу бойынша жұмыстар аяқталды.

Ақтөбе облысында қаржыландыру көлемі 5 млн теңгені құрайтын асқазан-ішек ауруларының алдын алу және емдеу үшін экологиялық қауіпсіз препараттарды әзірлеу енгізілуде.

2018 жылдың қыркүйек айынан бастап Маңғыстау облысының диқандарымен, жайылымдарды суландыру және мал азығын өндіру бойынша қаржыландыру көлемі 20 млн теңгені құрайтын ендіру жұмыстары іске асуда. Келешекте Жамбыл облысының АӨК-мен жоба бюджеті 45 млн теңгені құрайтын енгізу жұмыстары жоспарланған.

АгроХабты дамыта отырып, университет еліміздің АӨК дамуының негізін құрайды. АгроХабтың әзірленген жобалары базалық қызметтер көрсетуге, әлсіз тұстарын жоюға және ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге консалтингтік қызметтер көрсетуге мүмкіндік береді.

Халықаралық тәжірибе Қазақстанның басқа елдерден импорт тәуелділігін төмендету үшін әлемдік нарықта экспортқа бағдарланған, бәсекеге қабілетті өнім өндіруі қажет екенін көрсетіп отыр. Сондай-ақ бөлшек бағаның 70-75 %-ын иеленіп қалатын делдалдарға қарсы әрекет ету жөніндегі жұмысты күшету қажет, ал дамыған елдерде делдалдар бөлшек бағаның 25-30 %-ын ғана алады.

Өсірілген 100 % өнімнің тек 30-33 %-ы ғана қайта өндеуге, ал экспортқа 17 %-ы ғана кететін жағдайды өзгерту қажет.

Жоғарыда аталған міндеттерді шешу үшін аграрлық білімді, ғылым мен өндірісті ықпалдастыруды дамыту шенберінде 2024 жылға қарай төмендегілер жоспарланып отыр:

- 1) шаруашылық жүргізуі субъектілермен бірлесіп іске асырылған ғылыми-инновациялық жобалар мен бағдарламалардың санын 45 бірлікке жеткізу;
- 2) университет ішінде кәсіпкерлік және экологиялық мәдениетті дамыту (қызметкерлер мен білім алушылардың 65 %-ы инновацияны дамытуға тартылады);
- 3) стартаптарды ұйымдастыруға оқушылар мен қызметкерлердің уәждемесін арттыру. Стартап санын 22-ге дейін жеткізу;
- 4) бизнес-білім беруді дамыту;
- 5) жаңа инновациялық орталықтар, фаблабтар (ағылш. Fabrication Laboratory), жасыл кампустар құру;
- 6) ОПҚ еңбектерінің репозиторийін қалыптастыра отырып, университет кітапханасының ақпараттық ресурстарын әлемдік ақпараттық кеңістікке біріктіру.

7.4. Ғылыми-техникалық әзірлемелерді коммерцияландыру

Қаржыландыру көлемінің 72,2 %-ы коммерцияландыруға, 12,9 %-ы ғылыми жобалардың нәтижелерін енгізуге бөлінеді. Ғылыми жобаларға жас мамандар қатыса бастағандарын атап өткен жөн.

ҚазҰАУ-да аяқталған ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды коммерцияландыруды дамыту тұжырымдамасы әзірленді. Тұжырымдама ҚазҰАУ-дың аграрлық зерттеулер саласындағы көшбасшылығын қамтамасыз етіп ғылыми-зерттеу және инновациялық қызметті дамыту арқылы республика экономикасының аграрлық секторын технологиялық жаңғыртуға университеттің үлесін арттыруға бағытталған.

Тұжырымдама Қазақстан Республикасының «Ғылым туралы» 2011 жылғы 18 ақпанды; «Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру туралы» 2015 жылғы 31 қазандығы және «Қазақстан Республикасының Патент заңы» 1999 жылғы 16 шілдедегі заңдарының негізінде әзірленді.

Тұжырымдамада 2024 жылға дейінгі кезеңде Қазақ ұлттық аграрлық университеттінде ғылыми-зерттеу және инновациялық қызметті дамытудың мақсаттары, міндеттері мен негізгі бағыттары тұжырымдалған.

Койылған мақсатқа қол жеткізу үшін университет ұжымы мына міндеттерді шешуде:

- 1) оқу процесін жетілдіруге, жаңа білім беру технологияларын енгізуге, ғылыми-әдістемелік қамтамасыз етуді жетілдіруге, ғалым-педагог кадрларды даярлаудың және олардың біліктілігін арттыру сапасын жақсартуға бағытталған ғылыми зерттеулерді басым дамыту;
- 2) іргелі және қолданбалы зерттеулерді коммерциялық сипаттағы бәсекеге қабілетті әзірлемелермен үштастыру;
- 3) инновация мен ғылыми-техникалық кәсіпкерлік саласында кадрлар даярлау және қайта даярлау үшін жағдай жасау;

- 4) шаруашылық жүргізуші субъектілермен, сондай-ақ мемлекеттік билік және жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен әріптестік қатынастарды дамыту;
- 5) бюджеттен тыс қосымша қаржы қаражатын тарту;
- 6) шағын инновациялық кәсіпорындарды құру және дамыту;
- 7) халықаралық интеграцияны кеңейту, шетелдік инвестицияларды тарту үшін жағдай жасау.

Аталған міндеттерді шешу барысында:

- 1) ғылым мен білімнің интеграциясын дамыту, университеттің ҚР БФМ және АШМ ғылыми мекемелерімен тығыз қарым-қатынасы;
- 2) жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білімді жетілдіру, магистратураның білім беру қызметін кеңейту, магистранттар мен PhD докторанттардың контингентін жоспарлау мен қалыптастыруды жақсарту;
- 3) білім беру процесінің барлық субъектілерінің: студенттердің, магистранттардың, PhD докторанттарының, профессор-оқытушылар құрамының және ғылыми қызметкерлердің ғылыми-зерттеу жұмыстарына қатысуы;
- 4) университет ғалымдарының ҚР БФМ мен АШМ, басқа министрліктер мен ведомстволар, мемлекеттік ғылыми қорлар жариялаған республикалық мақсатты бағдарламаларға, ғылыми, ғылыми-техникалық, инновациялық бағдарламалар мен гранттар конкурстарына қатысуы;
- 5) ғылымды қажетсінетін технологияларды құру;
- 6) кәсіпорындар мен мемлекеттік және өндірлік басқа да шаруашылық субъектілерімен әріптестікті дамыту қамтамасыз етіледі.

Аяқталған ГЗТКЖ коммерцияландыруды іске асырудың негізгі жолы – жоғары білімді, ғылым мен бизнесі ықпалдастыру болып табылады. Коммерциялық кәсіпорындардың ғылымды қажетсінетін өнімдер мен технологияларға қызығушылығының өсуі жоғары оқу орнының ғылыми әзірлемелерінің нәтижелерін коммерциялық пайдалануға мүмкіндік береді, университеттің өз өндірісін құру мақсатында коммерциялық құрылымдардың капиталын тарту ықтималдығын арттырады, ғылыми әзірлемелерді іске асыруға, бизнес жобаларға қызмет көрсетуге мүмкіндік береді.

Осындағы ынтымақтастықты ұйымдастыру, сондай-ақ аяқталған ГЗТКЖ коммерцияландыру инфрақұрылымын дамыту үшін біз аграрлық ғылыми-технологиялық парк (Агротехнопарк) құрудамыз, ол ғылымды қажетсінетін Бизнесің инкубаторы және университеттің ғылыми қызметінің практикалық негізі болып табылады.


Агротехнопарк – ғылымды, білім мен өндірісті аумақтық интеграциялау нысаны ретінде өз құрамында жобалау-конструкторлық бюrolар, өндірістік учаскелер, сынақ полигоны, бизнес орталық, жоғары технологиялардың студенттік инкубаторы, кешенді жобалар және даму бөлімі, студенттік бастамалар орталығы, материалдардың сапасын сертификаттау орталығы, оқу орталығы бар ғылыми ұйымдардың бірлестігі.

Жоғары білікті мамандардың шоғырлануы, эксперименттік және ақпараттық базаның болуы агротехнопаркке университет ғалымдарының ғылыми-техникалық және технологиялық жетістіктерін әзірлеу мен коммерцияландыру процесін жеделдетуге мүмкіндік береді.

Университет базасында агротехнопаркті құру және дамыту мына міндеттерді шешуді қамтамасыз етеді:

- 1) университеттің ғылыми әлеуетін сақтау (инновациялық құрылымдардағы жаңа жұмыс орындары);
- 2) ғылымды қажетсінетін кәсіпкерлік экономикасы саласында мамандарды қолдау және қайта даярлау үшін эксперименттік база құру;
- 3) қолданбалы зерттеулерді коммерцияландыру үшін жағдайлар қалыптастыру, олардың нәтижелерін өндіріске енгізу;
- 4) венчурлік капиталды қоса алғанда, қаржыландырудың бюджеттен тыс көздеріне шығу мүмкіндіктерін кеңейту;
- 5) агроөнеркәсіпті дамыту проблемаларының шешіміне қосылу арқылы аймақтармен өзара іс-қимылды қүшету;
- 6) өңірлермен коопeraçãoлық байланыстарды дамыту;
- 7) ғылымды қажетсінетін кәсіпкерлік саласында мамандарды даярлау және қайта даярлау, бірлескен инновациялық жобаларды орындау кезінде халықаралық байланыстарды дамыту;
- 8) жасалып жатқан ғылымды қажетсінетін өнімдер мен қызметтерге зияткерлік меншікті қорғау;
- 9) ғылымды қажетсінетін өнімнің халықаралық нарығына шығу.

ҚазҰАУ Агротехнологиялық паркі Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданының «Саймасай» оқу-тәжірибе шаруашылығы аумағында құрылатын болады. ҚазҰАУ жанындағы агротехнопарктің жұмыс істеу моделі схемада келтірілген (20-сурет).



20-сурет. ҚазҰАУ жанындағы агротехнопарктің жұмыс істеу моделі

8. Бағдарламаның қойылған мақсатына қол жеткізу жолдары

ҚазҰАУ 2024 жылға дейінгі даму стратегиясы барлық мұдделі тараптардың: университеттің, жалпы және орта кәсіптік білім беру үйымдарының, ғылыми үйымдардың, әріптестердің, бизнес-құрылымдардың, АӨК кәсіпорындары мен үйымдарының әлеуметтік-кәсіптік өзара іс-қимылын көздейді.

Университет аграрлық өндіріс пен қайта өндеудің заманауи инновациялық технологияларын менгерген кадрларды даярлау және қайта даярлау орталығына

айналады, гендік инженерия, молекулалық генетика, микробиология, ветеринариялық медицина саласында селекциялық жұмысты, ғылыми зерттеулер жүргізуді қамтамасыз етеді, сондай-ақ ауыл шаруашылығы өндірісі мен қайта өңдеудің ғылымды қажетсінетін экологиялық технологияларын әзірлеуді және енгізуі қамтамасыз етеді.

Перспективада агроенеркесіптік кешенді жаңғырту міндеттеріне бағдарланған ғылымның, технология мен техниканың басым бағыттары бойынша іргелі және қолданбалы зерттеулер жүйесін дамыту болжанып отыр.

АӨК субъектілерінің озық ғылыми жетістіктер мен білімге тікелей қол жеткізуін қамтамасыз ету, сондай-ақ ауыл шаруашылығы өндірісіне ғылыми әзірлемелерді жедел енгізу мақсатында 267 «Білім мен ғылыми зерттеулердің қолжетімділігін арттыру» бюджеттік бағдарламасы бойынша мемлекеттік тапсырманы орындау шеңберінде білімді тарату жөніндегі жұмыстар байқауларға қатысу арқылы жандандырылатын болады.

2020 – 2024 жылдары жоғары оқу орнының мақсатты бағыты қызметтің барлық бағыттарын интернационалдандыруға бағытталған әлемдік деңгейдегі ұлттық зерттеу университеттің қалыптастыру болып табылады.

Университеттің стратегиялық басымдықтары аграрлық білімді, ғылымды жаңғыртуға және бизнес-ортамен интеграцияны күшетуге, адами ресурстарды басқаруға және т. б. бағытталған.

Даму векторларының бірі Еуропа елдерінің, АҚШ, Жапония, Қытай, Малайзия, Оңтүстік Корея, Ресей, Белоруссия, Литва, Латвия және т. б. жетекші ғылыми орталықтарымен және университеттерімен халықаралық ынтымақтастық болып табылады.

Университетте инновациялық қызметті жетілдіру:

- 1) ЖОО-ны жаңа білімдер мен технологияларға негізделген аграрлық экономиканың драйвері ретінде позициялауға;
- 2) КР АӨК экономикасына зияткерлік қызмет нәтижелерінің трансферін үйімдастыруға;
- 3) ЖОО-ның ғылыми-білім беру және консалтингтік көрсетілетін қызметтерін халықаралық нарыққа шығару бойынша маркетингтік стратегияны жүзеге асыруға бағытталған.

АгроХабты дамыту арқылы университет елдің АӨК дамытуға негіз жасайды. АгроХабтың әзірленген жобалары ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілерге базалық қызметтер көрсетуге, әлсіз тұстарды жоюға және консалтингтік қызмет көрсетуге мүмкіндік береді.

Халықаралық тәжірибе көрсеткендей, Қазақстанның басқа елдерден импорттық тәуелділігін азайту үшін әлемдік нарықта экспортқа бағытталған, бәсекеге қабілетті өнім өндіру қажет. Сондай-ақ дамыған елдерде делдалдар бөлшек сауда бағасының 25-30%-ын иемденсе, елімізде бөлшек сауда бағасының 70-75 %-ын иеленіп қалатын делдалдарға қарсы әрекет ету бойынша жұмыстарды күшету қажет.

Өсірілген 100 % өнімнің тек 30-33 %-ы қайта өңдеуге, ал экспортқа тек 17 %-ы кететін жағдайды езгерту қажет. Ол үшін:

- 1) диплом жұмысын орындау барысында білім алушыларға жүргізілетін зерттеулер магистратурада және докторантурада ғылыми зерттеулер жүргізу кезінде одан әрі жалғасатын болса, даярлаудың үш деңгейінің сабактастығын қамтамасыз ету;
- 2) КР АШМ әрбір ғылыми-зерттеу институтымен бірлескен ғылыми-инновациялық орталықтар құру;
- 3) білім алушылар мен жас ғалымдардың ғылыми шығармашылығының халықаралық деңгейіне қол жеткізу үшін жағдай жасау;
- 4) университет ғалымдарының зияткерлік қызмет нәтижелерін халықаралық патенттеу жүйесін дамыту;
- 5) студенттерді зерттеу жұмысына тарту тетіктерін дамыту;
- 6) жаңа білім алу және қолданбалы ғылыми зерттеулерді қаржыландыру үшін заманауи эксперименттік ғылыми және оқу жабдықтарын жабдықтау және пайдалану.
- 7) Шығыс Финляндия университетімен тамақ қауіпсіздігі бойынша, Малайзия университетімен «халал», Оңтүстік Корея университетімен ет және ет өнімдері бойынша және т. б халықаралық ғылыми зертханалар құру;
- 9) пәнаралық зерттеулердің дамуына қарай халықаралық зертханаларды «өнім» желісі: Зияткерлік технологиялар және агротехника, Өмір мен денсаулық туралы ғылым, Энвайронментология және жаратылыстану ғылымдары бағыттары бойынша «Артықшылық орталығына» біріктіру;
- 10) ИИДМБ зертханаларын алынған нәтижелерді коммерцияландыруға бағытталған іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулерді орындауга қосу;
- 11) Қазақстан-Жапон инновациялық орталығына органикалық өнімнің сәйкестігіне сертификат беру органы ретінде әрекет ету;
- 12) Қазақстан-Беларусь агроинженерлік инновациялық орталығының қызметін кеңейту, оқу шаруашылығында демонстрациялық алаң құру;
- 13) майлар, жеміс-жидек және көкөніс дақылдарын өндіру, қайта өндеу бойынша зертханалар ашу;
- 13) агросалада білімді тарату бойынша жұмысты жандандыру;
- 14) оқытушылар мен ғылыми қызметкерлердің жарияланым белсенділігінің өсуі үшін жағдай жасау, білім мен зерттеу нәтижелерінің трансферлеріндегі университеттің ғылыми басылымдарының рөлін арттыру;
- 15) елдің барлық өнірлерінде, қолда бар ірі агрокұрылымдар, өндеуші кәсіпорындар, кәсіпкерлерге қызмет көрсететін орталықтар базасында экономиканың аграрлық секторы үшін мамандар даярлаудың барлық бағыттары бойынша 3-тен 5-ке дейін pilotтық, pilotалды, қосымша pilotалды оқу-ғылыми-өндірістік орталықтарды айқындау және олармен шарттар жасасу;
- 16) білім алушылар арасында да, университеттің ОПК арасында да стартаптарды құру бойынша жұмыстарды жалғастыру қажет. Болашақта ғылымды көп қажет ететін шағын кәсіпорындар бастапқы кезеңде шағын көлемде нарықтық қатынастағы неғұрлым перспективалы инновациялық жобаларды жедел іске асыра алады. Оларды құру арқылы жас ғалымдарды жұмысқа орналастыру проблемасын қандай да бір дәрежеде шешуге, сондай-ақ олардың зерттеу нәтижелерін практикаға енгізу бойынша практикалық тәжірибе алудын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

9. Бағдарламаны іске асырудан күтілетін нәтижелер

Жоғарыда аталған міндеттерді шешу үшін аграрлық білім, ғылым мен өндірісті ықпалдастыруды дамыту шенберінде 2024 жылға қарай мыналар жоспарланып отыр:

- 1) шаруашылық жүргізуші субъектілермен бірлесіп іске асырылған ғылыми-инновациялық жобалар мен бағдарламалардың санын 45 бірлікке дейін жеткізу;
- 2) университет ішінде кәсіпкерлік және экологиялық мәдениетті дамыту (қызметкерлер мен білім алушылардың 65% инновацияны дамытуға тартылады);
- 3) стартаптарды ұйымдастыруға оқушылар мен қызметкерлердің уәждемесін арттыру. Стартап санын 22-ге дейін жеткізу;
- 4) бизнес-білім беруді дамыту;
- 5) жаңа инновациялық орталықтар, фаблабтар, жасыл кампустар құру;
- 6) ОПҚ еңбектерінің репозиторийін қалыптастыра отырып, университет кітапханасының ақпараттық ресурстарын әлемдік ақпараттық кеңістікке біріктіру;
- 7) бір жыл ішінде алынған патенттердің жалпы санынан өндіріске инновациялық жобалардың нәтижелерін енгізу үлесін 22 %-ға дейін ұлғайта отырып, ҒЗТКЖ нәтижелерін коммерцияландыру бойынша жұмысты қүшейту;
- 8) ЖОО-ның ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарының нәтижелерін өндіріске енгізу бойынша жұмысты қүшейту, үлесін 40 %-ға дейін арттыру;
- 9) іске асырылатын жобалардың жалпы санында халықаралық ғылыми-білім беру ынтымақтастығы шенберінде орындалатын ғылыми жобалар санын 32-ге дейін ұлғайту;
- 10) жетекші ғылыми орталықтармен, ҚР АШМ ҒЗИ-мен интеграция бойынша жұмысты қүшейту, бірлескен жобалар санын 22-ге жеткізу;
- 11) оқу-ғылыми-зерттеу зертханаларының санын 28-ге дейін, халықаралық – 13-ке дейін жеткізу, онда белгілі шетелдік ғалымдар бірлесіп басқаратын болады;
- 12) жыл сайын кемінде 1 млн теңге сомасына стартап-жобаларды орындау үшін жас зерттеушілер мен ғалымдар арасында конкурс өткізу;
- 13) зерттеу сапасын арттыру, университет ғалымдары мен шетелдік ғылыми қоғамдастықтың еңбектерінің нәтижелеріне қызығушылығын ынталандыру, профессор-оқытушылар құрамының жарияланымдық және патенттік белсенділігін, ғалымдардың ғылыми мақалаларының дәйексөзге келтірілу көрсеткіштерін арттыру мақсатында Web of Science (Thomson Reuters), Scopus, Springer ғылыми базаларының өкілдерімен үнемі оқыту тренингтері, семинарлар серияларын өткізу. Ғылыми жобаларға тарта отырып, жетекші ғылыми ұйымдармен ынтымақтастықты кеңейту күтілуде. Ғалымдардың халықаралық коммуникацияларының артуын соңғы үш жылдың ішінде 16 елдің шетел авторларымен бірлесе шығарған танымал басылымдардағы 60-тан аса мақалалардың болуы айғақтайды.

Бағдарламаны іске асыру негізінде ҚазҰАУ-да бірегей ғылыми-білімдік инновациялық орта құрылады, онда профессор-оқытушылар құрамы, ғалымдар мен білім алушылар зерттеу, инновациялық-технологиялық дағдыларды қалыптастыруға, сондай-ақ зияткерлік менишкіті коммерцияландыру мүмкіндіктеріне ие болады.

**Бағдарламаны іске асыру тетіктері
Инновациялық қызметке бағытталған зерттеу орталығы ретінде ЖОО
қалыптастыру**

2019 – 2024 жылдары жоғары оқу орнының мақсатты бағыты қызметтің барлық бағыттарын интернационалдандыруға бағытталған кәсіпкерлік типтегі әлемдік деңгейдегі ұлттық зерттеу университетін қалыптастыру болып табылады.

Университеттің стратегиялық басымдықтары аграрлық білімді, ғылымды жаңғыртуға және бизнес-ортамен интеграцияны күшетуге, коммуникацияны жетілдіруге, қызметкерлерді басқаруға және т. б. бағытталған.

Университеттің ғылыми-зерттеу және инновациялық қызметін дамыту

2024 жылға қарай перспективада:

1) университетте орындалатын F3TKЖ санын көбейту: бір оқытушыға F3TKЖ қаржыландыру көлемін 2024 жылы 1,5 млн теңгеге дейін жеткізу;

2) бір жыл ішінде алынған патенттердің жалпы санынан өндіріске инновациялық жобалардың нәтижелерін енгізу үлесін 34 % дейін ұлғайта отырып, F3TKЖ нәтижелерін коммерцияландыру бойынша жұмысты күшету;

3) іске асырылатын жобалардың жалпы санынан халықаралық ғылыми-білім беру ынтымақтастығы шеңберінде орындалатын ғылыми жобалар санын 50 % дейін ұлғайту;

4) КР АШМ F3И-мен FӨО интеграция бойынша жұмысты күшету, бірлескен жобалар санын 20-ға дейін жеткізу;

5) диплом жұмысын орындау барысында білім алушыларға жүргізілетін зерттеулер магистратурада және докторантурасында ғылыми зерттеулер жүргізу кезінде одан әрі жалғасатын болса, даярлаудың үш деңгейінің сабактастығын қамтамасыз ету;

6) КР АШМ әрбір ғылыми-зерттеу институтымен бірлескен ғылыми-инновациялық орталықтар құру;

7) университет ғалымдарының зияткерлік қызметінің нәтижелерін халықаралық патенттеу жүйесін дамыту;

8) оқу-ғылыми-зерттеу зертханаларының санын 50-ге дейін, халықаралық – 10-ға дейін жеткізу, онда белгілі шетелдік ғалымдар бірлесіп басқаратын болады;

9) Шығыс Финляндия университетімен тамақ қауіпсіздігі бойынша, Малайзия университетімен «халал», Оңтүстік Корея университетімен ет және ет өнімдері бойынша және т. б халықаралық ғылыми зертханалар құру;

10) Зияткерлік технологиялар және агротехника, Өмір мен денсаулық туралы ғылым, Энвайронментология және жаратылыстану ғылымдары бағыттары бойынша «өнімдік» мамандану қағидатымен пәнаралық зерттеулердің дамуына қарай халықаралық зертханаларды «Артықшылық орталығына» біріктіру;

11) ИИДМБ зертханаларын алынған нәтижелерді коммерцияландыруға бағытталған іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулерді орындауга қосу;

12) елдің барлық өнірлерінде, қолда бар ірі агрокұрылымдар, өндеуші кәсіпорындар, кәсіпкерлерге қызмет көрсететін орталықтар базасында экономиканың аграрлық секторы үшін мамандар даярлаудың барлық бағыттары бойынша 3-тен 5-ке

дейін пилоттық, пилоталды, қосымша пилоталды оқу-ғылыми-өндірістік орталықтар белгіленсін және олармен шарттар жасассын;

13) білім алушылар арасында да, университеттің ОПК арасында да стартаптарды құру бойынша жұмыстарды жалғастыру жоспарлануда.

Болашақта шағын ғылымды көп қажет ететін кәсіпорындар бастапқы кезенде шағын көлемде нарықтық қатынастағы неғұрлым перспективалы инновациялық жобаларды жедел іске асыра алады. Оларды құру арқылы жас ғалымдарды жұмысқа орналастыру проблемасын қандай да бір дәрежеде шешуге, сондай-ақ олардың зерттеу нәтижелерін практикаға енгізу бойынша практикалық тәжірибе алуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Бұған қоса, білім беру, ғылыми-зерттеу жұмыстарын интеграциялау және дамыту мақсатында мынадай ғылыми-зерттеу үйімдары тартылатын болады:

- 1) «Қазақ жеміс-көкөніс шаруашылығы ФЗИ» ЖШС;
- 2) «Ө. Ө. Оспанов атындағы Қазақ топырақтану және агрохимия ғылыми-зерттеу институты» ЖШС;
- 3) «Қазақ қайта өндеу және тамақ өнеркәсібі ғылыми-зерттеу институты» ЖШС;
- 4) «АгроИнженерия ғылыми-өндірістік орталығы» ЖШС.

Бұл жоғары білікті жас ғалым кадрларды даярлау сапасын арттыруға, сабактастықты сақтау мақсатында тәлімгерлік институттарын нығайтуға, бизнес-құрылымдармен ынтымақтастықты жүзеге асыруға, мемлекеттік басқару органдарымен тиімді өзара іс-қимыл жасауға, алдыңғы қатарлы әлемдік практика тәжірибесін Қазақстан жағдайларына трансфертеу және бейімдеу мақсатында шетелдік жетекші ғылыми-зерттеу институттарымен және университеттермен тығыз ынтымақтастықты жолға қоюға мүмкіндік береді.

Білім беру қызметін дамыту

Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Ғылым туралы» заңдарына сәйкес университетте АӨК салалары үшін мамандар даярлау білім беру процесінде белгілі ғалымдардың басшылығымен және білім алушылардың тікелей қатысуымен жүргізілетін ғылыми зерттеулердің нәтижелерін белсенді пайдалануға негізделеді.

Ғылыми-зерттеу қызметін дамыту, орындалатын ФЗТКЖ көлемінің өсуі, отандық және шетелдік ғылыми орталықтардан ғалымдарды тарту оқытушылар мен білім алушылардың зерттеу қызметіне қатысу және оқытушының оқытушы-зерттеуші мәртебесіне ауысу пайызын ұлғайтады.

Инновациялық білім беру технологиялары одан әрі дамитын болады. Атап айтқанда, қашықтан оқыту технологияларын және жаппай ашық онлайн-курстарын пайдалану арқылы жеке білім беру траекторияларын кеңінен енгізу жоспарлануда. Бағдарламаларды құру кезінде жобалық-бағдарланған және проблемалық-бағдарланған оқыту тәсілдерді қолданылады.

Қазіргі заманғы әлемде үнемі тұтастай қогамды, соның ішінде еңбек нарығын да қозғайтын әртүрлі өзгерістер орын алуда. Жыл сайын жаңа мамандықтар пайда болады, олар адамдардан жаңа білім алуды және оларды қолдану дағдыларын талап етеді. Университет осы деңгейге сәйкес болуы керек.

Біріншіден, климат өзгеруде және ауыл шаруашылығы технологиялары жаңа маусымдық және ауа райы жағдайларына, оның ішінде ықтимал құрғақшылыққа, су тасқынына және температураның күрт ауысына бейімделуге тура келеді.

Екіншіден, үлкен мәселе – топырақтың тозуы. Бұл мәселені шешуде, аэробты қалпына келтіруді, яғни топырақты аэробты бактериялармен қанықтыруға мүмкіндік беретін технологияны қолдануға болады. Биопрепараттар мен биотыңайтқыштардың белсенді түрлерін өндіру арқылы, ауыл шаруашылығы қалдықтарын қайта өңдеу арқылы, өсімдіктер мен жануарлардың патогенді нысандарын жою үшін фагтық технологияларды қеңінен пайдалану арқылы микробиологиялық өнеркәсіп қызметінің спектрін кеңейту.

Осы жұмысты орындау үшін топырақ, су, ауа, жемшөп және т.б. сынамаларына уытты және қауіпті заттардың болмауы тұрғысынан күрделі зертханалық физикалық-химиялық және талдамалық зерттеулер жүргізу дағдыларын менгерген арнайы дайындалған сарапшы-аудиторлар мен мамандар қажет.

